Международный информационный научно-методический журнал
Halyqaralyq aqparattyq ǵylymı-ádistemelik jýrnal

USTAZ HAB

"USTAZ HAB" Halyqaralyq aqparattyq ǵylymı-ádistemelik jýrnalynyń
№03(37) (2025 j. Nauryz) shyǵarylymy.
Выпуск №03(37) (Март 2025 г.)
Международного информационного научно-методического журнала «USTAZ HAB».

"USTAZ HAB" Halyqaralyq aqparattyq ǵylymı-ádistemelik jýrnaly Nur-Sultan qalasynda Qazaqstan Respýblıkasynyń Aqparat jáne Qoǵamdyq damý mınıstrliginiń Aqparat komıteti 2023 jylǵy 20 aqpandaǵy Merzimdi baspasóz basylymyn, aqparattyq agenttikti jáne jelilik basylymdy esepke qoıýy týraly kýáligi № KZ40VPY00064978 berilgen.
Taralý aýmaǵy: Halyqaralyq, alys jáne jaqyn shet elder.
"USTAZ HAB" jýrnaly aıyna 1 ret jaryq kóredi.

Международный информационный научно-методический журнал "USTAZ HAB" в городе Нур-Султан комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан выдано свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 20 февраля 2023 года № KZ40VPY00064978.
Территория распространения: международные, страны дальнего и ближнего зарубежья.
Журнал "USTAZ HAB" выходит 1 раз в месяц.

Menshik ıesi / собственник: “KEMEŃGER” ЖК
Алшынов Ахметжан Әнуарбекұлы

Redaktor alqalary / редакторы:
Баянды Ерлан
Тел: + 7 700 970 00 98

Есбергенов Айдын Ардақұлы
Тел: + 7 705 214 23 03

Korrektor / корректор: Бердиярова Асель Жуманкуловна

Jaýapty hatshy / ответственный секретарь: Кәкіш Мерей Ертайқызы

Эл. почта: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
+ 7 771 181 23 03

Qarağandy qalasyndaǵy meken-jaıy: Qazybek bı aýdany, Nursultan Nazarbaev dańǵyly 19. Jýrnal "KEMEŃGER" ŻK baspahanasynda basyldy.
Taralymy 1000 dana.
Адрес г. Караганды: Казыбек биский район, пр. Нурсултана Назарбаева 19. Журнал излан в типографии ИП "KEMEŃGER". Тираж 1000 экз.

“KEMEŃGER” баспасы

Mazmuny / Содержание

Байгуатова Ж.М. «Ғарышқа жол – тұңғыш ғарышкер» ... 3
Абдурахманова А.Т. Биохимия в школе: важность и перспективы ... 6
Бойтекенова А.А., Кайдарова М.К. Қазақстан тарихы пәнінен 8-сыныптарға арналған «Тарихи әлем» элективті курсының бағдарламасы ... 8
Кумар А.А. Нейрогимнастиканың балаға пайдасы ... 10
Кенжебекова Ә.Б. Жасанды интеллект платформалары ... 11
Кадрахунова М.Ж. Жасанды интеллект ағылшын тілін үйрету процесіндегі ерекшеліктері ... 13
Бакиева Г.М. Introspection in Storytelling and Writing ... 15
Аманбаева З.Т. Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда әртүрлі оқыту әдістерін қолдану тиімділігі ... 16
Нурамбаев Ж.Ж. Ә.Кекілбаевтың көркемдік әлемі ... 18
Биболова А.Б. Применение инновационных технологий в обучении английскому языку студентов колледжа. The use of innovative technologies in teaching english to college students ... 19
Уролбаева Н.К. Абай және Лермонтов шығармаларын оқыту жолдары ... 21
Үмбетова А.А. Мектеп жасына дейінгі балаларды эстетикалық тәрбиелеудің мәні мен міндеттері ... 22
Сыздыков Е.Б. Таэквондо спортының маңызы ... 24
Меирбаева А.А. Ойын мен геймификация арқылы оқытуды дамыту ... 25
Сарсенбаева Г.М. Математика как основа современного образования: Зачем она нужна сегодня? ... 27
Масягина Н.Г. Важность изучения английского языка для успешной карьеры в будущем ... 29
Асанова А.А. Элементы элементарной математики ... 30
Ергешова Г.Б. «Короткая, но дивная пора…» ... 33
Нахипбекова О.И. Тонна. Грамм ... 35
Калымбетова М.Ж. Өнімділік ... 37
Бимурзаева Р.Б. Ата кәсіп. Күріш туралы сыр ... 40
Дүйсен М.Н. Бастауыш сыныптарда білім сапасын арттырудың тиімді жолдары ... 42
Рахимова А.Т. "Ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту" ... 43
Сарсенбаева Ш.А. Ахметтану саласын оқытудың маңызы ... 44
Қуанышбай Ж.М. “Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі” ... 45
Сейтбекова Ж.С. Ұлттық құндылықтар — ұлт қорғаны ... 50
Баймағамбет С.А. Психикалық дамуы тежелген балалардың ақыл-ойын дамыту жұмыстары ... 52
Толендиев С.М. АКТ-ны қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдану білім сапасын арттырудың маңызды факторы ... 55
Жасузахова Т.З. Музыка пәнін оқытуда түрлі оқыту әдістерін пайдалану тиімділігі ... 57
Султаева А.К. Бастауыш сынып оқушыларының сабақта және сабақтан кейінгі уақытта коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру ... 59
Умиршаева Г.У. Математика сабағында ақыл-ой белсенділігін арттырудың кейбір педагогикалық аспектілері ... 61
Куанышбекова Н.Н. А. Кемелбаева «Шашты» әңгімесіндегі кейіпкерлер бейнесі ... 63
Мырзакулова М.С. География пәнін оқытуда модульдік технологияны пайдаланудың тиімділігі ... 66
Ишанова А.К. Саралап оқыту технологиясының нысандары мен мақсаттары ... 68
Масалім А.Ж. Ағылшын тілінің құзырлылығын қазақ тіліндегі сыныптарда дамытудың әдістері ... 70
Төлеген А.М. Ағылшын тілін білу - үлкен мүмкіндіктердің кілті ... 73
Лекерова Д.Е. 5-сыныпқа арналған лексикалық-грамматикалық минимуммен жұмыс ... 75
Сараева А.К. Reading time ... 77
Бекбосынова Г.А. «Үстел ойындары» ... 80
Рахымов Ж.Т. HTML тілінде web-сайттарын әзірлеу ... 83
Толкымбаева М.Ж. Проблемные ситуации как эффективный метод при изучении английского языка ... 86
Турсынбекова Р.У. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктері ... 88
Нурлыбаева А.С. Тарих сабақтарында оқушының танымдық-зерттеушілік белсенділігін арттырудағы жаңа технологияның рөлі ... 90
Татаева А.У. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының білім беру орнындағы негізгі рөлі ... 93
Абдиева А.Т. Қазақ тілі сабақтарында жеке тұлғаны тәрбиелеу процесінде қолданылатын халық педагогикасының элементтері ... 95
Ногайбаева А.Д. Түрлі дидактикалық ойындар арқылы балалардың сөйлеуін дамытудың маңыздылығы ... 98
Қаласбай М.Б., Қорғанбаева Ж.Қ. «Жоғары оқу орындарында негізгі химия пәндерін оқытуда электрондық ресурстарды тиімді пайдалану» ... 100
Тойболова Н.М. «География сабағында оқытудың заманауи әдістері» ... 106
Наурызбаева К.Е. Как использовать метод «Шесть шляп мышления» эдварда де боно на уроках литературного чтения в начальной школе ... 107
Жаркынбаева С.Б. Бастауыш сынып оқушыларының каллиграфиялық жазба дағдысын қалыптастыру маңызы ... 110
Бектенова Г.К. Бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін арттыру құралы ретінде иновациялық технологияларды пайдалану ... 112
Рахимжанова М.Д. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқу мақсаттарына бағытталған тиімді әдістер арқылы оқыту ... 114
Саттарова Г.С. Использование интернет-мемов в рамках мультисенсорного подхода в обучении русскому языку ... 117

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
«Бөкейордасы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Физика және информатика пәнінің оқытушысы
Байгуатова Жанар Мауленовна

«ҒАРЫШҚА ЖОЛ – ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШКЕР»

Мақсаты: Ғарыш туралы түсінік беру, тұңғыш ғарышкерлердің еңбегімен таныстыру, ғылымға қызығушылықтарын арттыру. Байқоңыр ғарыш аймағының және ғарышкер мерекесіне орай қазақ еліндегі тұңғыш ғарышкер туралы мәлімет беру студенттердің тарихи, ғылыми танымын кеңейту, білімділігін арттыру.

Жоспары:

I бөлім: Ғарыш әлемі мен ғарыш тарихымен, танымал ғарышкерлерге шолу.

II бөлім: Байқоңыр ғарыш айлағының маңызы.

III бөлім: Баяндама: Тұңғыш ғарышкер – Юрий Гагарин туралы қысқаша ақпарат.

Қазақстандық ғарышкерлер – Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов туралы баяндау.

IY. бөлім: «Ғарыш әлемі» Ғарышкерлер және ұшу туралы сұрақтар.

Y. бөлім «Ғарышкер болғым келеді!» сурет көрмесі – өз қиялындағы ғарыш кемесін, ғарышкерді салып, түсіндіреді.

Марапаттау: Белсенді қатысқандар.

Қорытынды сөз: Ғарыш әлемі мен ғарыш тарихымен, танымал ғарышкерлерге шолу.

Ғарыш әлемі мен ғарыш тарихымен, танымал ғарышкерлерге шолу.

Бүгін – 12 сәуір – Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күнімен құттықтаймыз!

Дүние жүзі атап өтетін мереке Ғарышкерлер күні.

Адамзаттың Ғарышты игеру жетістіктеріне тоқталатын болсақ, 4 қазанда 1957 жылы жаңа дәуір – ғарышты игеру дәуірі басталды. Бұл күні Жердің жасанды серігі алғашқы ғарышқа аттандырылды.

Байқоңыр ғарыш айлағының маңызы**.**

"Байқоңыр" ғарыш айлағын Қазақстанда тұрғызу туралы шешім қабылдады. 1957 жылдан бері "Байқоңыр" әлемдегі тұңғыш және көлемді айлақ болып келеді. 1957 жылдың 4 қазанында Ресей мемлекеті орбитаға алғашқы жасанды жер серігін ұшырды (Спутник-1). Ол орбитада 1957 жылдың 4 қазаны мен 1958 жылдың 4 қаңтары аралығында, яғни 92 күн болды. Осы аралықта Жерді 1400 рет айналып шығуға үлгерді. Әрбір айналымға 100 минуттай уақыт кетті. Осыдан кейін жер серігі Жер атмосферасында жанып кетті.

Ғарышкер лайка

1. Ғарышқа ұшқан ең алғашқы тіршілік иесі - Лайка атты ит еді. Ит 1957 жылдың 3 қарашасында Мәскеу уақытымен таңғы алты жарымда Кеңес Одағының "Спутник-2" атты кемесімен ғарышқа аттандырылды. Лайканың жасы - 2-де, салмағы - 6 келі болған. Сол кездегі басылымдар оның орбитада бір апта болып, қалыпты түрде тамағын ішіп, ұйықтап, үргенін жазған болатын. Ал шын мәнінде Лайка ұшырылған соң, 5-6 сағаттан соң өліп қалған. Кабинадағы температура біртіндеп көтеріліп, ақырында Лайканың денесі қызып, өртеніп кетті.

2. Мұнан кейін, 1960 жылдың 20 тамызында Белка және Стрелка атты иттер ұшты. Бұл екеуі ғарыштан жер бетіне аман-есен оралған ең алғашқы тіршілік иелері болып есептеледі. Олар жер бетіне оралған соң, аттары аңызға айналып, сапардан ешқандай жамандық көрмей, баяғыша өмір сүре берді.

Тіпті бірнеше айдан кейін Стрелка дүниеге алты дені сау күшіктерді алып келді. Осы бір сәтті сапардан кейін мамандарда нық сенім пайда болып, адамзат баласы ғарышты бағындыруға дайындыққа кірісіп кетті.

Ғарышкерлер: Юрий Гагарин Алексеевич

Тоқтар Әубәкеров Әубәкұлы

Талғат Мұсабаев Амангелдіұлы

Айдын Ақанұлы Айымбетов

Ғарышқа ұшуы - Гагарин Юрий Алексеевич**.** Дәл осы жерден 1961 жылы 12 сәуірде Юрий Гагарин тұңғыш рет ғарыш кеңістігіне жол салды. Ол ұшқан «Васток 1 » 28000 шақырым шамасындағы ғарыш кемесімен алғаш рет ғарышқа ұшты. Бұл тарихи оқиға 108 минутқа созылды. Осы сәттен бастап ол әлемдік деңгейдегі атақты тұлғаға айналды.

Юрий Алексеевич Гагарин

Юрий Алексеевич Гагарин 9 наурыз 1934 жыл, Клушино ауылы, Смоленск облысы, КСРО Ұлты - орыс Ұшқыш-космонавт, әскери ұшқыш. Юрий Гагарин қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді. Ол бала кезінен техникаға қызығушылық танытып, мектепте жақсы оқыды. Кейін Саратовтағы индустриалды техникумға оқуға түсіп, сол жерде аэроклубта ұшуды үйренді. 1955ж Оренбургтегі авиация училищесін бітіріп, әскери ұшқыш атанды. Ол МиГ-15 реактивті ұшағында ұшып, шеберлігін көрсетті. 1960 жылы Кеңес Одағы ғарышқа ұшуға кандидаттар іріктеуін бастады, және Юрий Гагарин осы топқа қабылданды. Ғарыштан оралғаннан кейін Гагарин КСРО-ның ұлттық қаһарманы атанды. Ол әлемнің көптеген елдерінде болып, бейбітшілікті насихаттады. 1968 жылы сынақ ұшу кезінде МиГ-15 ұшағы апатқа ұшырап, Гагарин қаза тапты. Юрий Гагарин – адамзат тарихындағы алғашқы ғарышкер ретінде мәңгі есте қалады. Оның құрметіне көптеген қалаларда ескерткіштер қойылған, ал 12 сәуір – Ғарышкерлер күні ретінде атап өтіледі. "Поехали!" – оның ғарышқа ұшар алдында айтқан атақты сөзі. Конец формы

Тоқтар Әубәкеров Әубәкұлы

Тоқтар Әубәкеров Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы, Қазақстан Республикасының ұшқыш-ғарышкері, Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқыш-сынақшысы, авиация генерал-майоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, техника ғылымының докторы, профессор Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында туған. Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін, Мәскеу ұшқыш-сынақшылар мектебін, Мәскеу авиация институтын бітірген ол 1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет жанармай құйдыру арқылы солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындаған. 1989 жылы 1-ші болып авиатасушы крейсердің алаңқайшысына «МиГ-29г» реактивті ұшағын шеберлікпен дәл қондырған. Сондай-ақ ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізген. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынып, 1991 жылдың 2 сәуірінде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы қазанның 2-сінде Байқоңырдан «СоюзТМ-13» кемесімен ұшқан. Ғарышта ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, сол зиянды аэрозольдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынған. Сонымен қатар Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды, аспанды астрофизикалық бақылау жұмыстары да 0, өткен. Ол Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери партриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсенеараласқан 1991 жыл Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін ерекше құт дарыған жыл болды.. Қазан айының 2-сі күні тұнғыш рет қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров Байқонырдан «Союз ТМ-13» кемесімен көк жүзіне көтерілді. 9 оқушы: Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы шілденің 27-де Қаарғанды облысы Қарқаралы ауданында, 1 май ұжымшарында дүниге келеген. Техника ғылымдарының докторы, академик авиация генерал-майоры, 1965- 1969 жылдары Армавир әуе қорғанысы ұшқыштарының жоғары әскери оқу орнында оқыған, ұшқыш-инженер.

Талғат Мұсабаев Амангелдіұлы

Талғат Мұсабаев – қазақтың екінші, ал әлемнің 309-шы ғарышкері, техника ғылымдарының докторы, гимнастикадан және ұшақ спортынан КСРО спорт шебері. ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті төрағасы. Қазақтың біртуар перзентінің жер планетасы үшін жасаған өлшеусіз еңбегі бағаланып, ол сансыз марапатқа ие болған. Мысалы, Қазақстан Республикасы тарапынан: «Халық қаһарманы», «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» атағы беріліп, «Отан», «Барыс» 1-ші дәрежелі ордендері мен «Астана» медалі табыс етілсе, Ресей Федерациясы: «Герой Российской Федерации» атағымен, «Дружба народов», «Лётчик-Космонавт РФ», «За заслуги перед Отечеством» 3-ші дәрежелі және «За заслуги перед Отечеством» 2-ші дәрежелі ордендерімен, сол сияқты Австрия Республикасы: «Аустрия Республикасының» орденімен, ал Америка Құрама Штаттары: «Ғарышқа ұшқан үшін» NASA медалімен марапаттаған.

Талғат Мұсабаев «Союз-ТМ» ғарыш кемесімен қатарынан үш рет ғарыш әлеміне барып-қайтты. космоста алғашында 126 тәулік, екінші сапарында 208 тәулік болған. Үшінші сапарында батыр жерлесіміз американдық миллионер Денис Титоны да экпиаж құрамымен бірге алып ұшып, әлемде тұңғыш рет космосқа кәдімгі саяхат жолын ашқан. Талғат Мұсабаев – ашық космоста жұмыс істеген тұңғыш қазақстандық ғарышкер. Ол ғарыш стансасынан тыс ашық ғалам аясында жалпы мерзімі 41 сағат 21 минут болған.

Айдын Ақанұлы Айымбетов

Айдын Айымбетов Алматы облысы Талдықорған қаласы Өтенай ауылында 1972 жылы 27 шілдеде дүние есігін ашқан. Мектепті алтын медальмен тәмамдап, 1993 жылы Ресейдің Краснодар аймағындағы Армавир қаласында жоғарғы әскери авиациялық училищені ұшқыш-сынақшы мамандығы бойынша оқып бітірген. Осы саланың майталман маманы атанып, әйгілі «жұлдызды қалашыққа» жолдама алған ол – ғарышқа ұшқан қазақтың үшінші азаматы! Алайда Айдын Айымбетовтің ғарышқа ұшуы оңайдан оңай бола салмағанын жұртшылық жақсы біледі. Арада қаншама келіссөздер жүргізіліп, оған қоса қаншама жел сөздердің айтылғаны белгілі. Бірақ Айдынның ғарышқа ұшқан екі ағасынан бір ерекшелігі – ол айға Қазақстан азаматы ретінде ұшты. Мәселен, Тоқтар Әубәкіров КСРО азаматы ретінде 1 рет, ал Талғат Мұсабаев Ресей азаматы ретінде 3 мәрте ұшқан болатын. Бұл Айдынды алдыңғы екі арысымыздан ажыратып, бөле-жара қарау емес, әрине. Дегенмен де көңілге қуаныш ұялатпай қоймасы шындық.

Осылайша, 2015 жылдың 2 қыркүйегінде сағат 10.30-да «Байқоңыр» ғарыш айлағынан тарихтағы үшінші қазақ Алаштың жүгін арқалап, аспанға аттанды. Халықаралық ғарыш стансасына аттанған негізгі экипаж құрамында ресейлік ғарышкер Сергей Волков (командир), Еуропа ғарыш агенттігінің астронавты Андреас Могенсен мен Қазғарыш ғарышкері, отандасымыз Айдын Айымбетов болды. Ғарыш кемесі стансамен 4 қыркүйек күні түйісіп, стансада оларды ресейліктер Геннадий Падалка, Михаил Корниенко мен Олег Кононенко, американдық астронавтар Скотт Келли мен Челл Линдгрен, сондай-ақ жапон астронавты Кимия Юи қарсы алған болатын. Кеме командирі Сергей Волков орбитада 188 тәулігін өткізсе, отандасымыз бен даниялық ғарышкер ғарышта 10 күн болып, жерге оралды. Орбитада отандасымыз Айдын Ақанұлы қазақстандық ғылым үшін бірқатар сынақ жүргізіп, соның ішінде радиацияның миға әсерін зерттегенін айта кеткен жөн.

«Ғарыш әлемі»

Ғарышкерлер және ұшу туралы сұрақтар

1.Ғарышқа ұшқан алғашқы әйел кім? (Валентина Терешкова, 1963 жылы)

2. Ғарыштағы алғашқы жануар кім болды? (Лайка атты ит)

3.Талғат Мұсабаев ғарышта неше рет болды? (3 рет)

4. Айға алғаш қадам басқан адам кім? (Нил Армстронг)

5. Жердің жалғыз табиғи серігі қалай аталады? (Ай)

6. Ғарышкерлер үшін ең қауіпті жағдайлардың бірі не? (Метеориттер мен радиация)

7.Халықаралық ғарыш станциясы (ХҒС) қай жылы құрылған? (1998 жылы)

8.Ғарышқа алғаш ұшқан адам кім? (Юрий Гагарин)

9.Ғарышта су қандай күйде болады? (Шар тәріздес қалқып жүреді)

10.Ғарышта неге салмақсыздық болады? (Жердің тартылыс күші әлсірейді)

11.Қазақстандық екінші ғарышкер кім? (Талғат Мұсабаев)

12.Байқоңыр ғарыш айлағы қай жерде орналасқан? (Қазақстан, Қызылорда облысы)

13.Қазақстандық үшінші ғарышкер кім? (Айдын Айымбетов)

14.Ғарышкерлердің салмақсыздық жағдайында ұйықтауы үшін не қажет? (Арнайы белдіктермен байланған ұйықтау қапшығы)

15.Қазақстаннан ғарышқа ұшқан алғашқы шетелдік ғарышкер кім? (Викторенко (ресейлік ғарышкер) бірге Тоқтар Әубәкіров ұшты)

16.Ғарышкерлер ғарышта қандай тамақ ішеді? (Арнайы вакуумды қаптамадағы тағамдар)

17.«Восток-1» кемесі қанша уақыт ғарышта болды? (108 минут)

18.Ғарышкерлер ғарышта уақытты қалай анықтайды? (Арнайы сағат пен Жер уақыты бойынша)

19.Ғарышта адамның бойы ұзара ма, қысқара ма? (Ұзарады, себебі салмақсыздықта омыртқа кеңейеді)

20.Ғарышта дыбыс тарай ма? (Жоқ, өйткені ғарышта ауа жоқ)

21.Ғарышқа шыққан алғашқы американдық кім? (Алан Шепард)

22. Ғарышкерлер ғарышта қалқып кетпес үшін не істейді? (Арнайы белбеумен бекітіледі)

23.Ғарышта оттегі қайдан келеді? (Кеме ішіндегі арнайы жүйе арқылы)

24.Ғарышкерлер тамақты қалай ішеді? (Арнайы түтікшелер арқылы)

25.Неліктен Жерден ғарышқа қарағанда жұлдыздар көбірек көрінеді? (Ғарышта ауа қабаты жоқ, ол жарықты шашыратпайды)

26.Ғарыш кемесіндегі ең маңызды құрылғы не? (Оттегі генераторы және байланыс жүйесі)

27.Ғарышта ұйықтау қалай жүреді? (Белбеумен бекітілген арнайы қапшықтарда)

28.Алғаш жердің жасанды серігі қай жерден ұшырылды? (Байқоңыр ғарыш айлағынан)

Мұнда сұрақ түрінде өткізіп, дұрыс жауап бергендерді марапаттауға болады.

Ү. бөлім «Ғарышкер болғым келеді!» сурет көрмесі – өз қиялындағы ғарыш кемесін, ғарышкерді салып, түсіндіреді.

Қорытындылау. «Ғарыштың сырын ашқан ғалымдар мен батырларымызды

г.Алматы, Медеуский район
КГУ «Общеобразовательная школа №77»
Учитель биологии, педагог-эксперт
Абдурахманова Арзыгуль Турсунжановна

БИОХИМИЯ В ШКОЛЕ: ВАЖНОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Статья посвящена роли биохимии в школьном образовательном процессе, анализирует её значение как междисциплинарной науки, интегрирующей биологию, химию и физику. Рассматриваются актуальные вопросы включения биохимии в школьную программу, её влияние на развитие научного мировоззрения учащихся и подготовку к будущей профессиональной деятельности в сфере медицины, фармацевтики и биотехнологий. Особое внимание уделено методическим подходам к преподаванию биохимии в школе, а также современным образовательным технологиям, которые могут сделать обучение более эффективным и интересным. Статья подчёркивает перспективы дальнейшего развития биохимического образования в школах, необходимость обновления учебных материалов и повышения квалификации преподавателей для подготовки учащихся к вызовам науки и технологий XXI века.

Биохимия — это наука, изучающая химические процессы, происходящие в живых организмах, а также молекулы и вещества, которые эти процессы поддерживают. В последние десятилетия наблюдается заметное увеличение интереса к биохимии как к отдельной дисциплине, что связано с развитием медицины, биотехнологий, экологии и других сфер науки. Одним из путей популяризации биохимии среди школьников является введение ее в программу элективных курсов, что позволяет углубить знания учеников и подготовить их к дальнейшему обучению в сфере естественных наук.

Элективные курсы — это дополнительное образование, которое предоставляет ученикам возможность выбрать дисциплины, не входящие в стандартный школьный курс. Введение биохимии в программу таких курсов имеет несколько значительных преимуществ:

1. **Расширение кругозора учеников**. Биохимия раскрывает фундаментальные принципы работы живых организмов, что помогает школьникам лучше понимать механизмы жизнедеятельности человека

и других живых существ. Это особенно важно для тех, кто планирует продолжить образование в области медицины, биологии или биотехнологий.

2. **Развитие критического мышления**. Биохимия требует от учеников умения анализировать и обрабатывать большие объемы информации. Она помогает развивать навыки исследования, формировать логическое и системное мышление, что полезно для решения сложных задач.

3. **Подготовка к университетскому обучению**. Для школьников, планирующих поступать на факультеты, связанные с биологическими науками, элективный курс по биохимии будет отличной подготовкой к вузовским курсам, где эти знания будут необходимы.

4. **Популяризация науки**. Биохимия является дисциплиной, которая соединяет в себе элементы химии, биологии и медицины. Введение этого предмета в школьную программу способствует популяризации науки, расширяет круг интересов учеников и мотивирует их к научной деятельности.

Содержание элективного курса по биохимии должно учитывать уровень подготовки школьников и доступность материалов для преподавания. Курс может быть разделен на несколько тематических блоков:

1. **Основы биохимии**. В этом разделе ученики знакомятся с понятием биохимии, с основными макромолекулами, такими как белки, углеводы, липиды, нуклеиновые кислоты. Обсуждаются их химическая структура и функции в живых организмах.

2. **Метаболизм и энергетика клетки**. Это раздел посвящен обмену веществ, процессам, таким как гликолиз, цикл Кребса, дыхание клеток, а также синтезу и распаду АТФ. Эти процессы являются основой энергетической деятельности организма.

3. **Ферменты и их роль**. Ферменты — это биологические катализаторы, которые ускоряют химические реакции в клетке. Школьники учат основы ферментативной активности, изучают влияние температуры, pH и других факторов на работу ферментов.

4. **Генетика и биохимия**. В этом блоке рассматриваются молекулярные механизмы передачи наследственной информации, роль ДНК и РНК в синтезе белков, а также основы молекулярной биологии.

5. **Прикладная биохимия**. Учебный курс может охватывать также вопросы применения биохимии в медицине, биотехнологиях, фармацевтике, экологии. Этот раздел поможет школьникам понять практическое значение изучаемых процессов и их использование в реальной жизни.

Методы и подходы к преподаванию

Для эффективного преподавания биохимии в рамках элективного курса важно использовать разнообразные методы обучения:

1. **Лабораторные работы**. Практические занятия играют ключевую роль в биохимическом обучении. Они позволяют школьникам на практике изучать химические реакции, происходящие в живых организмах, и получать опыт работы с лабораторным оборудованием.

2. **Мультимедийные технологии**. Использование видео, анимаций и интерактивных моделей помогает ученикам лучше понимать сложные биохимические процессы. Например, анимации метаболических путей или процессов синтеза белков делают обучение более наглядным.

3. **Проектная деятельность**. Организация исследовательских проектов позволяет школьникам самостоятельно изучать интересующие их аспекты биохимии, что развивает творческое мышление и исследовательские навыки.

4. **Кейс-метод**. Разбор реальных биохимических проблем, с которыми сталкиваются ученые, способствует развитию аналитического мышления и способности решать практические задачи.

Введение биохимии в школьное образование имеет большие перспективы. С развитием биотехнологий, медицины и экологии возрастает потребность в специалистах, обладающих знаниями в области биохимии. Элективный курс может стать основой для формирования у школьников интереса к науке, а также углубленного изучения этой дисциплины в вузах.

Кроме того, внедрение биохимии в школьную программу способствует созданию научно ориентированного образовательного процесса, который развивает у учащихся не только знания, но и навыки, необходимые для успешной карьеры в науке, медицине, биотехнологиях и других областях.

Таким образом, биохимия на элективных курсах в школе является важным элементом современного школьного образования, который помогает подготовить учащихся к вызовам 21 века.

Алматы облысы, Талғар қаласы
С.Сейфуллин атындағы №2 жалпы білім беретін орта мектебінің
Тарих пәні мұғалімдері, педагог-зерттеушілер
Бойтекенова Ардак Абдулдабековна
Кайдарова Маржан Камшигеровна

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНЕН 8-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН «ТАРИХИ ӘЛЕМ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Аннотация. Мақалада Қазақстан тарихы пәнінен 8-сыныптарға арналған «Тарихи әлем» элективті курсының бағдарламасы қарастырылады. Бағдарлама оқушылардың тарихи білімдерін кеңейтуге, олардың тарихи санасын қалыптастыруға және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқыту процесінде тарихи терминологияны меңгеру, дереккөздермен жұмыс жасау және зерттеушілік қабілеттерді жетілдіру басты назарға алынған. Сонымен қатар мақалада элективті курс аясында оқушылардың қызығушылықтарын арттыруға және мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетуге арналған практикалық ұсыныстар беріледі. Курстың мазмұны оқушылардың тарихи білімін тереңдетуге, олардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, элективті курс, «Тарихи әлем» бағдарламасы, тарихи сана, сыни ойлау, тарихи білім, әдістемелік құрал, зерттеу әдістері, тарихи терминология, оқыту әдістемесі.

Мектеп тарихындағы білім беру жүйесі қазіргі уақытта дамудың жаңа кезеңі мен күрделі реформалау процесін бастан кешіруде. Үлкен өзгерістер орын алып, оқыту парадигмасы өзгеруде, жаңа басымдықтар іздестіріліп, мазмұндық компоненттің концентрлік құрылымы әдістемеде заңдастырылып, кеңінен қолданылып келеді, сондай-ақ материалды ұсынудың тарихи курстарының, формалары мен эвристикасының вариативтілігі кеңею үстінде. Білім алушылардың жеке қызығушылығынсыз үлкен көлемді алуан түрлі ақпаратты талдау және өңдеу, теория мен практика мәселелерін шығармашылықпен шешу мүмкін емес. Сандар мен даталардың көптігі, орасан зор концептуалды аппарат, тарихи тұлғалар тізбегі, ұрыс алаңдары, сәулет ескерткіштері, ең бастысы, оқушылардың мұндай көлемді материалды есте сақтау қажеттігін және оның хронологиялық заңдылығын дұрыс түсінбеулері тарихқа деген қызығушылықтың төмендеуіне, оқушылардың ішкі мотивациясының әлсіреуіне әкеліп соқтырады. Мектептегі білім беру тәжірибесінде және оны мектептен кейінгі дамытуда «Қазақстан тарихы» пәнін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру және жаңарту кезек күттірмейтін қажеттілік саналады. Қазақстан тарихын оқыту 5-сыныптан басталады. Курс ежелгі Қазақстаннан бастап бүгінгі күннің оқиғаларына дейінгі бүкіл патриоттық тарихпен танысуға арналған. Курсты аяқтағаннан кейін білім алушылар мектеп тарихындағы білім берудің үш мазмұндық желісі бойынша негіздерді алуы керек деп болжанады:

• тарихи уақыт – оқиғалардың хронологиясын білу, олардың уақыт бойынша дамуын қадағалай білу, тарихтың циклдік сипаты, тарихи қозғалыстың синхрондылығы мен асинхрондылығы.

• тарихи кеңістік – картада оқиғаны локализациялау, адам дамуының динамикасын қадағалау, оның болашағын бағалау мүмкіндігі.

• тарихи қозғалыс – адамның еңбек қызметінің эволюциясын, мәдениетін, тұрмыс жағдайы мен тұрмысын, қоғамның әлеуметтік, демографиялық ерекшеліктерін, оқиғаның, тұлғаның, процестің сипатын анықтайтын аса маңызды статистикалық мәліметтерді талдай білу.

Бұл инсталляцияны оқушылардың ынтасы жоғары болған жағдайда ғана орындауға болады, оны қалыптастыру біздің ойымызша 8-сыныпта тарих пәні мұғалімінің басты міндеті болып табылады.

«Тарихи әлем» элективті курсы 8-сынып оқушыларына арналып жасалған, себебі бұл кезеңде оқушылардың тарихи танымы кеңейіп, сыни ойлау дағдылары қалыптаса бастайды. Қазақстан тарихы пәнінің құрылымдық жүйесіне сәйкес, 8-сыныпта оқушылар XVIII–XIX ғасырлардағы ел тарихын оқиды. Бұл кезең Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы тұрғысынан ерекше маңызға ие. Осы себепті қосымша элективті курс арқылы оқушылардың тарихи білімін тереңдету маңызды. Оқушылардың жас ерекшеліктері де осы бағдарламаның дәл осы сыныпқа бағытталуының негізгі себептерінің бірі болып табылады. 13-14 жас аралығындағы оқушылардың абстрактілі ойлау қабілеттері дамып, олар тарихи оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсіне бастайды. Сонымен қатар олардың дербес зерттеу жүргізуге деген қызығушылықтары артады, бұл тарихи деректерді талдауға, оларды салыстыруға және қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан «Тарихи әлем» бағдарламасы оқушылардың тарихи ойлау қабілеттерін жетілдіруге және олардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған. Қазақстан тарихы пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру, олардың тарихи танымын кеңейту маңызды міндеттердің бірі болып табылады. 8-сыныптарға арналған «Тарихи әлем» элективті курсы осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. Бағдарламаның негізіне Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар мен кезеңдер алынған. Оқу процесінде тарихи фактілерді, құжаттарды және зерттеулерді талдау әдістері қолданылады. Оқушыларға өткен оқиғалардың бүгінгі күнге тигізетін ықпалын түсіндіру арқылы олардың қоғамдық-саяси сауаттылығын арттыру көзделеді. Курстың басты ерекшелігі – тарихи оқиғаларды жан-жақты қарастырып, оларды түрлі көзқарастар тұрғысынан талдау болып табылады. Бұл тәсіл тарихи материалды тек ақпарат ретінде қабылдаудан гөрі, оны саналы түрде ұғынуға мүмкіндік береді.

Элективті курс бағдарламасында тарихи терминологияны, ғылыми-теориялық ұғымдарды ажырату және оларды қолдану дағдыларын қалыптастыруға ерекше мән беріледі. Тарихи терминдермен жұмыс жасау оқушыларға тарихи құбылыстарды нақты түсіндіруге және тарихи үрдістер арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар бағдарлама тарихи тұлғалар мен олардың қызметін зерттеуге бағытталған, бұл оқушылардың тарихи дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Курстың мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылып, қолжетімді және қызықты әдістермен ұсынылады. Бағдарлама құрылымында тарихи-танымдық тапсырмалар, практикалық жұмыстар, шығармашылық жобалар және зерттеу жұмыстары қарастырылған. Тарихи деректерді өз бетінше зерттеу, оларды интерпретациялау, тарихи гипотезалар ұсыну оқушылардың аналитикалық қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар курс аясында тарихи ойындар, рөлдік қойылымдар, пікірталастар өткізу арқылы оқушылардың тарихи құбылыстарды тереңірек түсінуіне мүмкіндік беріледі.

«Тарихи әлем» бағдарламасы тарихи білім берудің тиімділігін арттыру мақсатында инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануды көздейді. Оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану арқылы мұғалімдер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыра алады. Сонымен қатар бағдарлама тарих пәнінің мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған. Мұғалімдер үшін ұсынылатын әдістемелік нұсқаулар оқыту процесін оңтайландыруға, сабақ барысында жаңа тәсілдерді енгізуге мүмкіндік береді. Бұл элективті курс тарих пәні мұғалімдеріне оқытудың жаңашыл идеяларын таратуға және өз тәжірибелерін жетілдіруге септігін тигізеді.

Бағдарлама мазмұнында тарихтың түрлі аспектілерін қарастыруға ерекше көңіл бөлінген. Тарихи оқиғаларды әлеуметтік, экономикалық және мәдени тұрғыдан талдау арқылы оқушылардың кең ауқымды көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасалады. Сонымен қатар, курс барысында оқушылардың тарихи сауаттылығын арттыруға бағытталған тапсырмалар мен тесттік сұрақтар ұсынылады. Бұл оқушылардың тарихи білім деңгейін бағалауға және олардың жетістіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

«Тарихи әлем» бағдарламасы оқушылардың тарихи білімдерін тереңдетіп қана қоймай, олардың зерттеушілік және ізденушілік қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Оқушыларға тарихи деректерді жан-жақты зерттеу, оларды талдау және бағалау мүмкіндігі беріледі. Бұл олардың тарихи танымдық қабілеттерін арттырып, өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, «Тарихи әлем» элективті курсы – Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы тиімді әдістемелік құрал. Бағдарлама тарихи білімді кеңейтуге, оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға және олардың тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, бұл курс мұғалімдерге оқыту үдерісін жаңғыртуға және оқушылардың тарихи білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Курс барысында қолданылатын әдістемелік тәсілдер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, оларды шығармашылық және зерттеушілік жұмыстарға ынталандырады.

Шымкент қаласы, Абай ауданы
№26 "Самұрық" бөбекжай-бақшасы МКҚК
Тәрбиеші
Кумар Арайлым Айнабекқызы



НЕЙРОГИМНАСТИКАНЫҢ БАЛАҒА ПАЙДАСЫ

Балаларға арналған Нейрогимнастика-бұл ми орталықтарын дамытуға, оның жарты шарларының теңдестірілген өзара әрекеттесуіне бағытталған жаттығулар жиынтығы. Орталық және периферияльық жүйке жүйесін оқытудың бұл әдісі алаңдаушылық белгілері бар, зейінін шоғырландыру, жазу мен оқуды игеру проблемалары бар балаға қажет болуы мүмкін. Кеңістіктегі нашар бағдарлау және қозғалысты үйлестірудің бұзылуын нейрогимнастика арқылы да түзетуге болады. Мидың жұмысын жақсарту үшін оң нәтижеге қол жеткізу тек даму жаттығуларын үнемі орындаған жағдайда ғана мүмкін болады.

Нейрогимнастикалық жаттығулардың бүкіл кешенінің жалпы ұзақтығы 5-тен 7 минутқа дейін болуы керек, өйткені бала шаршауы мүмкін. Балалардың білім беру іс-шараларына қызығушылығын сақтау үшін оларды әртүрлі жерлерде орындау керек.

Нейрогимнастикалық жаттығуларды үнемі орындау балаға пайдалы: ұзақ мерзімді жад функцияларын жақсартады; қоршаған әлемнен келетін ақпаратты жылдам қабылдауды және өңдеуді қамтамасыз етеді; физикалық және психикалық өнімділікті арттырады: оқу күнінің соңында пайда болатын шаршауды азайтады; когнитивті функцияларды жүзеге асыруға жауап беретін ми орталықтарының ойлау белсенділігін белсендіреді; қолдың белсенді қозғалғыштығына ықпал етеді; жасырын таланттарды ашуға мүмкіндік беру арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамытады; жоғарғы аяқтың саусақтарының ұсақ және үлкен моторикасының дамуын ынталандырады; асимметриялық және симметриялық қозғалыстарды орындау үшін физиологиялық қабілеттердің даму процесін жеделдетеді; жүйке кернеуі мен бұлшықет жүйесінің шаршауын жеңілдетеді;

Әр жас санаты үшін мидың дамуына арналған өзіндік сабақтар жиынтығы бар.

4-5 жастағы балалар үшін. 4 жастан 5 жасқа дейінгі балалар үшін қарапайым нейрогимнастикалық жүктемені қамтамасыз ету қажет. "Жұдырық, алақан, қабырға" жаттығуы "Жұдырық, алақан, қабырға" жаттығуы есте сақтау қабілетін дамытуға, жоғарғы аяқтардың синхронды жұмысына және шоғырлануға бағытталған. Миға арналған жаттығудың бұл түрі келесідей: 1. Мұғалімнің (ата-ананың) бұйрығымен бала қолын жұдырыққа қысады. 2. Содан кейін бала қолын қолына бұрып, алақанын жоғары қаратып жұдырығын ашады. 3. Осыдан кейін, бала алақанды қабырғаға қойып, жоғарғы қолды тағы бір рет қолына бұрады.

Нейрогимнастикалық жаттығулар келесі жағдайларда жасалуы мүмкін үйде, балалар психологының кабинетінде, бақшада, саябақта немесе ойын алаңында. Ең бастысы, бала мейірімді және қолайлы жағдайда болуы керек.

Алматы қаласы, Алмалы ауданы
№124 жалпы білім беретін мектеп
Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Кенжебекова Әйгерім Бекболатқызы

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЛАТФОРМАЛАРЫ

Кіріспе

Жасанды интеллект (ЖИ) – бұл адамның интеллектуалдық қабілеттерін имитациялайтын, яғни деректерді өңдеу, үйрену және шешім қабылдау қабілетіне ие жүйелерді жасауды мақсат тұтатын ғылым саласы. Жасанды интеллект платформалары қазіргі уақытта көптеген салаларда қолданылып, өндірістен бастап денсаулық сақтау, білім беру, көлік және қауіпсіздік салаларында да кеңінен пайдаланылады. Бұл мақалада жасанды интеллект платформаларының мүмкіндіктері, түрлері және қолдану салалары туралы толығырақ баяндалады. Жасанды интеллект (ЖИ) платформалары - бұл компьютерлік жүйелер мен бағдарламалар, олар адам сияқты ойлау және әрекет ету қабілетіне ие болуға тырысады. Бұл платформалар әртүрлі салаларда қолданылып, бизнес, медицина, білім беру, өндіріс және т.б. салаларда жаңа мүмкіндіктер мен инновациялық шешімдер ұсынады. ЖИ платформаларының негізінде машиналық оқыту (МО), терең оқыту (ТО) және табиғи тілде өңдеу (ТТО) сияқты негізгі технологиялар жатыр. Мақалада біз ЖИ платформаларының түрлері, олардың қолданылу салалары және болашағы туралы қарастырамыз.

Жасанды интеллект платформаларының түрлері

ЖИ платформалары кең ауқымда әртүрлі қолдану салаларында қолданылатын бірнеше негізгі түрге бөлінеді:

- **Машиналық оқыту платформалары**: Бұл платформалар машиналарға деректерді талдау арқылы өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Мұнда алгоритмдер деректерді өңдеп, модельдер құрып, болжамдар жасау үшін пайдаланылады. Мысалы, *TensorFlow*, *PyTorch*, *Scikit-learn* секілді платформалар осындай машиналық оқыту жүйелерін құруға арналған.
- **Терең оқыту платформалары**: Терең оқыту нейрондық желілердің көп қабатты құрылымдарын пайдалануға негізделген технология. Бұл технология өте үлкен деректермен жұмыс істегенде, нақты шешімдер мен нәтижелер алуға мүмкіндік береді. Оған мысал ретінде *Keras*, *Caffe*, *TensorFlow* сияқты платформаларды атауға болады.
- **Табиғи тілде өңдеу платформалары**: Бұл платформалар адам тілін түсіну және оны өңдеу үшін жасалған. Олар мәтіндермен жұмыс істеп, сұрақ-жауап жүйелерін, аударма және мәтіндерден түсінік шығару қызметтерін ұсынады. *Google Cloud Natural Language API*, *IBM Watson* және *Microsoft Azure Cognitive Services* осы категорияға жатады.
- **Жасанды интеллект негізіндегі бизнес платформалары**: Бұл платформалар кәсіпорындардың автоматтандыруға арналған құралдар мен шешімдерді ұсынады. Олар маркетинг, сатылымдар, қаржы саласында талдаулар жасап, шешімдер қабылдауды жеңілдетеді. *Salesforce Einstein*, *Zoho AI* және *HubSpot* осы салада жұмыс істейтін платформаларға мысал болып табылады.
- **Машиналық оқыту платформалары (Machine Learning Platforms)** Машиналық оқыту – бұл деректерден үйренуге негізделген жасанды интеллекттің бір бағыты. Машиналық оқыту платформалары алгоритмдер мен модельдерді құру, оқыту және тестілеу үшін қолданылады. Бұл платформалар үлкен көлемдегі деректерді өңдеу және олардан пайдалы ақпарат алу үшін жиі қолданылады. Машиналық оқыту платформаларының мысалы ретінде Google Cloud AI, Amazon SageMaker және Microsoft Azure Machine Learning ұсынылуы мүмкін.

- **Табиғи тілде өңдеу (NLP) платформалары** Табиғи тілде өңдеу – адамның тілін түсіну және өңдеуге арналған жасанды интеллекттің бағыты. NLP платформалары мәтінді өңдеу, сұрақ-жауап жүйелерін құру, мәтіндерді аудару және т.б. мақсаттар үшін пайдаланылады. Бұл платформа әртүрлі мәтіндер мен сөйлемдерді дұрыс түсіну және интерпретациялау қабілетіне ие. Мысалы, IBM Watson, Google Cloud Natural Language және Microsoft Azure Cognitive Services сияқты платформалар бар.
- **Көзбен көру (Computer Vision) платформалары** Көзбен көру – бұл компьютерлердің бейнелер мен видеоларды талдау қабілетін дамытуға бағытталған жасанды интеллект бағыты. Көзбен көру платформалары суреттерді тану, бейнелерді өңдеу және анықтамалық деректерді табу үшін пайдаланылады. Осы саланың платформаларына мысал ретінде OpenCV, Google Cloud Vision және Amazon Rekognition атауға болады.
- **Робототехникалық платформалар** Жасанды интеллекттің робототехника саласындағы қолданылуы өте кең. Роботтар әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін жасанды интеллектті қолданады, олар өндіріс, медицина, логистика және басқа да көптеген салаларда қолданылады. Робототехникалық платформалар бағдарламалық жасақтама мен аппараттық құралдарды біріктіреді. Мысалы, ROS (Robot Operating System) және VEX Robotics жүйелері осы категорияға жатады.
- **Жасанды интеллектті интеграциялау платформалары** Бұл платформалар нақты бизнес немесе ұйым қажеттіліктеріне сәйкес әртүрлі ЖИ технологияларын біріктіреді. Олар ақпараттық жүйелермен, бизнес процестермен және басқа да құралдармен интеграциялануы мүмкін. Мысалы, Salesforce Einstein және SAP Leonardo осындай платформаларға жатады.

2. Жасанды интеллект платформаларының қолданылу салалары

ЖИ платформалары түрлі салаларда кеңінен қолданылып, жұмыс процесін автоматтандыруға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға, жаңа өнімдер мен қызметтерді әзірлеуге көмектеседі.

- **Медицина**: ЖИ платформалары ауруларды диагностикалаудан бастап, емдеу жоспарларын жасауға дейін әртүрлі медициналық қызметтерде қолданылуда. Мысалы, *IBM Watson Health* платформасы медициналық деректерді талдай отырып, дәрігерлерге диагноз қоюда көмек көрсетеді. *Google Health* және *DeepMind* компаниялары да медициналық бейнелерді өңдеу және ауруларды ерте кезеңде анықтау үшін жасанды интеллектті пайдаланады.
- **Қаржы саласы**: Қаржы саласында ЖИ платформаларының көмегімен автоматты түрде сауда жасау, тәуекелдерді бағалау, алаяқтық әрекеттерді анықтау сияқты қызметтер көрсетіледі. *Kensho*, *DataRobot*, *AlphaSense* сияқты платформалар қаржы аналитикасын және болжамды модельдерді жасайды.
- **Автономды көлік жүйелері**: ЖИ платформалары автономды көлік жүргізуді дамытуда үлкен рөл атқарады. *Tesla* және *Waymo* сияқты компаниялар өздерінің жүргізушісіз көлік жүйелерін дамыту үшін ЖИ қолданады.
- **Білім беру**: ЖИ платформалары білім беру жүйесінде оқытушылар мен студенттерге көмек көрсету үшін қолданылады. *Duolingo* сияқты тіл үйрену платформалары, сондай-ақ *Coursera*, *edX* сияқты онлайн білім беру платформалары ЖИ негізінде оқыту сапасын арттыруға көмектеседі.
- **Өндіріс**: ЖИ өндіріс саласында да кеңінен қолданылады, мысалы, машина жасау, робототехника, өндіріс процестерін оңтайландыру үшін. *Siemens*, *General Electric* сияқты компаниялар өздерінің өндірістік процестерінде ЖИ құралдарын қолданады.

3. Жасанды интеллект платформаларының болашағы

Жасанды интеллект платформа-ларының болашағы зор. Технологиялардың дамуы мен жаңа инновациялық шешімдер жасау арқылы бұл платформалар күнделікті өмірдің көптеген салаларында жаңа мүмкіндіктер ашуға көмектеседі.

- **Әлеуметтік өмірде интеграция**: ЖИ платформалары адамдардың күнделікті өмірінде үлкен роль атқарады, мысалы, ақылды үйлер, көлік жүйелері, денсаулық сақтау және білім беру салаларында. Болашақта бұл платформалар адамдармен өзара әрекеттесуді оңтайландырып, өздігінен үйреніп, жаңа дағдыларды меңгере алатын болады.
- **Жетілдірілген деректерді талдау**: ЖИ платформаларының көмегімен өте үлкен деректер жиынтықтарын өңдеуге және талдауға мүмкіндік бар. Бұл болашақта ғылым, экономика және әлеуметтік салаларда жаңаша көзқарастар мен шешімдер жасауға ықпал етеді.
- **Адамдар мен ЖИ арасындағы серіктестік**: ЖИ мен адам арасындағы серіктестік жақсарып, жаңа шешімдер мен инновациялар жасауға мүмкіндік береді. Бұл платформалар адамдардың өмірін жеңілдету үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етеді.

Жасанды интеллект платформаларының мүмкіндіктері мен артықшылықтары

1. **Деректерді өңдеу және талдау**. Жасанды интеллект платформалары үлкен деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Олар деректерді талдау арқылы пайдалы ақпаратты шығарып, болашақ тенденцияларды болжауға көмектеседі. Осылайша, бизнес шешімдер қабылдауда маңызды рөл атқарады.
2. **Автоматизациялау.** Жасанды интеллект жүйелері адамдардың орнында жұмыс істей алады, бұл көптеген қолмен жасалатын процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Мысалы, құжаттарды талдау, клиенттерге қызмет көрсету және өндірістік процестерді басқару сияқты міндеттер автоматтандырылуы мүмкін.
3. **Машиналық оқытудың көмегімен болашақты болжау**. Машиналық оқыту алгоритмдері деректер негізінде болашақ оқиғаларды болжау үшін қолданылады. Бұл бизнеске сұраныс деңгейін болжау, ресурстарды тиімді басқару және нарықтағы өзгерістерге тез жауап беру мүмкіндігін береді.
4. **Жоғары өнімділік**. Жасанды интеллект платформаларының арқасында компаниялар өзінің өнімділігін айтарлықтай арттыра алады. Мысалы, чат-боттар мен виртуалды көмекшілер клиенттермен жұмыс істеп, жұмыс процестерін жеңілдетеді.

Қорытынды. Жасанды интеллект платформалары қазіргі уақытта көптеген салаларда маңызды рөл атқарып, кәсіпорындардың тиімділігін арттыруға, жаңа мүмкіндіктер ашуға және болашақтағы қиындықтарды шешуге бағытталған жаңа технологиялар ұсынып отыр. Бұл платформалар дамып, жетіле түсуі арқасында алдағы уақытта әлемнің әртүрлі секторларында өзгерістер мен инновациялар енгізілуі мүмкін. Жасанды интеллект платформалары әлемде көптеген салада революциялық өзгерістер жасауда. Олар өнімдер мен қызметтерді жақсартып, жаңа мүмкіндіктер ашып, қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Болашақта бұл платформалар тек кәсіби салаларда ғана емес, сондай-ақ күнделікті өмірде де кеңінен қолданылып, адамзаттың өмір сапасын арттыруда үлкен жетістіктерге жетуі мүмкін.

Алматы қаласы, Алмалы ауданы
№124 жалпы білім беретін мектеп
Ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-сарапшы
Кадрахунова Макпал Жапархановна

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жасанды интеллект (ЖИ) соңғы бірнеше жылда білім беру саласына зор өзгерістер әкеліп отыр, әсіресе тіл үйрету процесінде. Ағылшын тілі – халықаралық қатынас, бизнес, ғылым және технология салаларында маңызды тіл ретінде кеңінен қолданылады. Бұл тілдің үйретілуі барысында жасанды интеллекттің ықпалы мен оның тиімділігі ерекше. ЖИ технологиялары арқылы ағылшын тілін үйрену процесінің бірнеше маңызды ерекшеліктерін қарастырып көрейік.

1. Персонализацияланған оқыту тәжірибесі

Жасанды интеллект ағылшын тілін үйрету барысында әрбір оқушының жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне бейімделген оқыту әдістемелерін ұсынады. Мысалы, көптеген тіл үйрену қосымшалары (Duolingo, Babbel, Memrise және т.б.) пайдаланушылардың тілдік деңгейіне қарай тапсырмаларды реттеп, үйренушінің мүмкіндіктеріне сәйкес жаттығулар ұсынады. ЖИ алгоритмдері пайдаланушының әлсіз тұстарын анықтап, оған сәйкес тапсырмаларды жиі қайталатып, оқу процесін оңтайландырады.

2. Жасанды интеллект арқылы автоматтандырылған кері байланыс

Жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін тіл үйрету құралдары автоматты түрде кері байланыс бере алады. Мысалы, қолданушының жазбаша немесе ауызша жауаптарын жүйе талдап, грамматикалық қателіктерді немесе сөз тіркестерінің дұрыс қолданылуын тексереді. Бұл әдіс оқушыларға өз қатесін тезірек түсініп, оны түзетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ жүйесі дыбыстарды тану арқылы сөздер мен фразалардың дұрыс айтылуын тексеріп, ауызша дағдыларды жақсартуға көмектеседі.

3. Интерактивті оқыту

Жасанды интеллекттің тағы бір ерекшелігі – оқушы мен компьютер арасында тікелей интерактивті байланыс орнатуы. Мұндай құралдар оқушыларға ойындар, симуляциялар немесе рөлдік ойындар арқылы тіл үйренуге мүмкіндік береді. Мысалы, виртуалды ассистенттер немесе чат-боттар ағылшын тіліндегі сөйлесу дағдыларын дамытуға арналған сұхбаттар ұйымдастыра алады. Бұл әдіс үйренушілерді қорқыныш пен ұялудан арылтып, тілді белсенді түрде қолдануға мүмкіндік береді.

4. Ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту

Жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін ағылшын тілін үйрету жүйелері, әсіресе ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Дауысты тану жүйелері (Speech Recognition) арқылы оқушылардың айтқан сөздерін жүйе тыңдап, олардың дұрыс айтылуын тексеріп, түзетулер ұсынады. Бұл үйренушілердің фонетикалық дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Сонымен қатар, оқушы мен жасанды интеллект арасындағы әңгіме ағылшын тілінде жүріп, тілдік ортада толыққанды сөйлеуге мүмкіндік береді.

5. Қателіктерді түзету және мотивация

Жасанды интеллект оқушының қателіктерін түсінікті түрде түзетуге және түсіндіруге қабілетті. Мысалы, жүйе қате жауап бергенде оның нақты себебін көрсетуі мүмкін: «Мұндағы етістік формасы дұрыс емес» немесе «Мұнда артикль қолданылмайды» деген сияқты. Бұл оқушылардың түсінбеушілігін жоюға және нақты бір мәселеге көңіл аударуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ жүйелері мотивацияны арттыру үшін түрлі жетістіктер мен марапат жүйелерін енгізеді. Оқушы тапсырмаларды орындаған сайын жүйе оны мадақтап, нәтижесін көрсетеді, бұл тіл үйренушілердің мотивациясын көтереді.

6. Тіл үйрену үшін қолданылатын деректердің байлығы

Жасанды интеллект түрлі мәліметтерді өңдей алады, яғни әлем бойынша тіл үйренушілерінің әрекеттері мен нәтижелері туралы ақпараттарды талдай отырып, ең тиімді әдістерді ұсынады. Бұл деректердің негізінде әртүрлі әдістемелік тәсілдер, тапсырмалар мен жаттығулар жаңартылып отырады. Тіл үйренушілерінің тәжірибесі мен қажеттіліктеріне қарай оңтайлы контентті ұсынып, әрбір оқушыға ең тиімді оқыту жоспарын жасау мүмкіндігі пайда болады.

7. Жасанды интеллект пен адам мұғалімінің үйлесімді жұмысы

Жасанды интеллекттің тіл үйретудегі басты артықшылықтарының бірі – ол мұғалімдермен бірге үйлесімді жұмыс істей алады. ЖИ оқушының жұмысын бақылап, жеке қажеттіліктерін анықтап, мұғалімге оны қалай дұрыс бағыттау керектігін айтып бере алады. Мұғалімдер бұл деректерді пайдаланып, оқушылармен жеке жұмыс жүргізіп, қосымша көмек көрсету мүмкіндігіне ие болады. ЖИ мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді, өйткені ол негізгі тапсырмаларды автоматтандырады, ал мұғалім оқушының жеке қажеттіліктеріне назар аударады.

8. Жаңа мүмкіндіктер мен инновациялар

Жасанды интеллект тіл үйренуді тек тиімді әрі қызықты етіп қана қоймай, жаңа мүмкіндіктер ашады. Мысалы, ЖИ арқылы виртуалды шындық (VR) немесе кеңейтілген шындық (AR) технологияларын қолдану арқылы шынайы өмір жағдайларына ұқсас тілдік тәжірибені ұсынуға болады. Бұл әдіс оқушыларға ағылшын тілін түрлі мәдени контексттерде қолдануды үйретеді және олардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады.

Қорытынды

Жасанды интеллекттің ағылшын тілін үйрету процесінде алатын орны күннен-күнге маңызды бола түсуде. Оның көмегімен оқушыларға жеке, тиімді әрі қызықты оқыту мүмкіндіктері ұсынылады. Персонализацияланған оқыту, автоматтандырылған кері байланыс, интерактивті әдістер мен ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту сияқты мүмкіндіктер жасанды интеллектті ағылшын тілін үйренудің маңызды құралына айналдырды. Технология мен адам мұғалімінің үйлесімді жұмысы білім беру сапасын арттырып, тіл үйренудің болашағын жарқын етеді.

Алматы облысы, Талғар ауданы, Қарабұлақ ауылы
№22 жалпы білім беретін орта мектептің
Ағылышын тілі пәні мұғалімі
Бакиева Гульвира Маратовна

INTROSPECTION IN STORYTELLING AND WRITING

Introduction

Introspection plays a crucial role in storytelling and writing, allowing authors to explore characters' inner worlds, motivations, and emotional depth. By delving into self-reflection, writers create compelling narratives that resonate with readers on a profound level. This report examines how introspection influences storytelling, enhances character development, and deepens thematic exploration.

1. Understanding Introspection in Writing ntrospection refers to the process of self-examination and inner reflection. In literature, it manifests through a character's thoughts, internal conflicts, and personal growth. Writers use introspection to provide insight into emotions, moral dilemmas, and psychological struggles, making stories more immersive and authentic.

Techniques of Introspection in Writing

Internal Monologue – Direct access to a character's thoughts.

Stream of Consciousness – A continuous flow of inner experiences.

First-Person Narration – A personal and subjective viewpoint.

Reflective Narration – Looking back on past events with newfound wisdom.

uthentic.

Techniques of Introspection in Writing

Internal Monologue – Direct access to a character's thoughts.

Stream of Consciousness – A continuous flow of inner experiences.

First-Person Narration – A personal and subjective viewpoint.

Reflective Narration – Looking back on past events with newfound wisdom.

2. The Role of Introspection in Storytelling

Introspection enhances storytelling in multiple ways:

Character Development

Helps create multi-dimensional characters.

Reveals personal fears, desires, and contradictions.

Shows transformation through internal conflicts and self-discovery.

Emotional Depth and Connection

Allows readers to relate to characters on a psychological level.

Builds empathy and investment in the protagonist's journey.

Adds realism by portraying genuine human struggles.

Thematic Depth

Explores complex themes such as identity, morality, and existential questions.

Encourages readers to reflect on their own experiences.

Strengthens the philosophical or psychological layers of a narrative.

3. Examples of Introspection in Literature

Fyodor Dostoevsky – "Crime and Punishment": The protagonist Raskolnikov's inner turmoil drives the novel's moral and psychological tension.

Virginia Woolf – "Mrs. Dalloway": Uses stream of consciousness to explore the protagonist's thoughts and memories.

Marcel Proust – "In Search of Lost Time": Deep introspection about memory and the passage of time.

4. The Balance Between Introspection and Action

While introspection enriches a story, excessive inner reflection can slow the narrative. Writers must strike a balance between internal thoughts and external events to maintain engagement.

Strategies for Balance

Alternating between introspection and action.

Using dialogue to externalize thoughts.

Employing vivid imagery to show rather than tell.

Conclusion

Introspection is a powerful storytelling tool that adds emotional and thematic depth to writing. By carefully incorporating self-reflection into their narratives, writers create compelling characters, thought-provoking themes, and immersive experiences for readers. When balanced effectively with action and dialogue, introspection transforms storytelling into a profound exploration of the human condition.

Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы
"Абай атындағы №4 жалпы білім беретін мектеп мектеп - гимназиясы" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педогог-сарапшы
Аманбаева Зина Тасыбековна

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДА ӘРТҮРЛІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан–жақты дамыту. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде. Бастауыш мектеп оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс тәжірибесі зерттеліп,мектеп өміріне енуде. Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған проблемаларды шешу негізгі мақсат болып табылады, олар: баланы оқи білуге үйрету; баланы ойлауға үйрету; баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы:

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің (стратегияларының) көптігімен.
- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігімен.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының өзге технологиялардан ерекшеліктері:

- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы (қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс).
- Негізгі үш кезеңінің маңыздылығы.
- Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері.

Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

Сабақта оқытудың ойын формалары - мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуін тиімді ұйымдастыру, оларды оқытудың нәтижелі формасы бәсекелестік, шынайы қызығушылық

элементтерімен байланысты. Оқушылар өздерінің үйреніп жатқанын байқамайды: олар жаңа нәрселерді үйренеді, есте сақтайды, ерекше жағдайларда бағдарланады, дағдылар мен қиялдарды дамытады. Тіпті ең пассивті оқушылар да ойынға үлкен қызығушылықпен кіреді. Сабаққа дидактикалық ойындар мен ойын сәттерін қосу Оқу процесін қызықты әрі көңілді етеді, оқушылардың бойында көңілді жұмыс көңіл-күйін қалыптастырады, оқу материалын игерудегі қиындықтарды жеңуге жол бермейді.

Проблемалық оқыту - сабақ тақырыбын, сабақ мақсаттарын және оқушылардың өзіндік жұмысын хабарлау кезеңдерінде қолданылады. Сонымен, балаларды оқыта отырып, сіз проблемалық диалогты енгізе аласыз.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар сабақтарда, сабақтан тыс және сыныптан тыс жұмыстарда қолданылады. Көптеген сабақтар компьютерлік презентацияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады, әсіресе материалды көрнекі түрде ұсынуды қажет ететіндер. Қоршаған әлем - "Қала бойынша саяхат", "Ботаникалық бақта", "Әріптерді үйрену", "Ойын-сауық алфавиті". Дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы білімді бекіту кезінде "Дыбысты табыңыз", "Дыбыстық схема жасаңыз", "Сөз жасаңыз" жаттығулары;" т.б. компьютерлік презентациялар қолданылады. Оқытуда компьютерлік технологияларды қолдану сабақтағы оқу іс-әрекетін саралауға мүмкіндік береді, оқушылардың танымдық қызығушылығын белсендіреді, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, ақыл-ой белсенділігін ынталандырады, зерттеу жұмыстарын ынталандырады. Бастауыш мектептен бастап білім алушылар сабақтарға дайындық кезінде компьютерді қолдануға бағытталған: баяндамалар, презентациялар, эсселер орындайды.

Жобалық оқыту технологиясы жұмыста тікелей немесе жанама оқытудың басқа түрлеріне қосымша ретінде қолданылады. Ол дәстүрлі жүйені алмастырмайды, бірақ оны түрде толықтырады және кеңейтеді. Пәндік жобалар қоршаған әлем сабақтарында кең таралды: "Қыстағы өсімдіктер", "Біздің сыныптағы өсімдіктер", "Гүлзарда не өседі", математикада: "Сандар әлемінде" және басқалары. Жобалық жұмыс аясында оқушылар "Үй жануарлары", "Біздің су айдындарының балықтары", " Ауыл табиғаты", "Менің үйім" және т.б. жобалар ұжымдық және жеке орындалады. Әрбір жаңа жобаны орындау үшін бірнеше қызықты, пайдалы және өмірге қатысты тапсырмаларды шешу қажет. Жоба құнды, өйткені оны орындау барысында оқушылар өз бетінше білім алуға үйренеді, танымдық және оқу іс-әрекетінде тәжірибе алады. Бұл әдіс оқушылардың көркемөнерпаздығын, өзін-өзі көрсетуге деген ұмтылысын ынталандырады, қоршаған әлемге белсенді көзқарасты, эмпатияны және оған қатысуды қалыптастырады.

Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру - қазіргі заманғы адамның табысының қажетті шарты. Бастауыш мектепте денсаулық сақтау технологиялары ерекше орын алады, олар сабақта да, сыныптан тыс жұмыстарда да қолданылады. Денсаулық сақтау тәсілі сабақтың барлық кезеңдерінде байқалады, өйткені ол әр түрлі іс-шаралардың нақты ауысуын қамтамасыз етеді. Сабақтарда дене шынықтыру минуттары, сөйлеу жаттығулары, релаксация жаттығулары өткізіледі.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңілкүйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Қорыта келгенде, қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялар ойлауды дамыту, қабілетті қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді. Егер де жаңа технология элементтерің сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреев О. Ролевая игра: как ее спланировать, организовать и подвести итоги /О. Андреева// Школьное планирование. — 2010. — № 2. — С.107–114
2. Апатова Н. В. Информационные технологии в школьном образовании. — М.: Школа-Пресс, 2002.
3. Ягодко Л. И. Использование технологии проблемного обучения в начальной школе /Л. И. Ягодко// Начальная школа плюс до и после. — 2010. — № 1. — С.36–38.
4. Заболотная, С. М. Использование современных технологий обучения в начальной школе в процессе реализации ФГОС / Молодой ученый. — 2017. — № 15 (149). — С. 571-573. — URL:

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Рахат ауылдық округі
"Әлихан Бөкейхан атындағы қазақ орта мектебі" КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Нурамбаев Жанат Жумашевич

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

«Әбіш Кекілбаев-заманымыздың бір заңғар тұлғасы. Кекілбаев туралы сөз айту кімге болса да оңайға түсе қоймас» {8.16-29}, - деп Қуаныш Сұлтанов «Кекілбаев кеңістігі» атты мақаласында айтып өткендей, Әбіш жайында сөз қозғау, оның шығармашылығын зерттеу, оған үңілу көп еңбек пен ізденісті талап ететін дүние.

Ә.Кекілбаев – адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілдерін шеберлікпен игерген жазушы. Ә.Кекілбаев кейіпкерлері қарапайым адамдар болғанымен, олардың өзіне тән өмірі, тағдыры, мінез-құлық бар. Жазушы олардың жандүниесінің тереңіне барады. Кейіпкерінің жеке басындағы түрлі сезім иірімдерін сипаттай отырып, олардың іс-әрекетіне баға береді. Жазушы кейіпкерінің ішкі толғанысын, жан күйзелісін, жүрек тебіренісін қара сөз құдіретін арқылы терең толғап жеткізеді.

Ә.Кекілбаев – түрлі тақырыптарға қалам тербеген жазушы. Өмір шандығын көркем жинақтауда қаламгер адам өмірінің әлеуметтік сыр-сипаттарына терең үңілген. Кейіпкер тағдыры мен ол өмір сүріп отырған орта арасындағы байланысты философиялық тұрғыда терең көрсетіп, адамның ішкі әлемінің психологиясына бойлай білген. Шынайы өнер – шексіз рухани көркемдік әлем. Ә.Кекілбаев шығармалары өзінің көркемдігімен, стильдік ерекшелігімен дараланды. Жазушы стилін оның тілінен, сөз қолданысынан байқауымызға болады. Қаламгер қолданған сөздер мен сөз тіркестерінің поэтикалық қуаты зор, жазушы қолданған көркемдік әдіс – тәсілдер алуан түрлі.

Кітап оқығанды, теледидардағы атыс – шабыс пен төбелеске құрылған құрғақ оқиғаны қызықтағандай, жай уақыт өлтіру деп ұғатын түйсіздіктер болмаса, көзқарасты жұрттың елеулі бөлігі детектив шеберлері: Конан Дойл мен Жорж Сименон немесе Агата Кристилердің өзінен сырттап, заманымыздың әлемдік деңгейдегі сарабдал суреткерлері дат Кнут, Гамсун мен швед Август Стринбергті, жапон Рюнескэ Акутавага мен колумбиялық Габриель Гарсиа Маркесті, американдық Джон Джойс пен Артур Хейлиді, француздар Марсель Пруст пен Альбер Камюді талғап, екшеп оқитын дәрежеге жетті. Олардың жай оқып қоймай, сол кітаптардан өмірлік сабақ –терең пәлсап (философия) іздейтін болды. Сізге өмірлік пәлсапа қажет пе, дәлірегі, қазақ даласының пәлсапасы қажет пе, онда Сіз жоғарыдағы шет жұрт жазушыларының атағына жығылып, бірыңғай құлай бермей, олардың тереңдік әлемі, бай болмаса, еш олқы соқпайтын өз суреткеріңіз, өз ойшылыңыз Әбіштің шығармаларын да бір мезгіл оқып, ойға батып, бойға сіңіріп көріңізші!.....

Оның «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» тарихи романдары тек тарихи шежіре емес, бүгінгі қоғам үрдісімен, ұлт мүддесімен астасып, бостандық рухы мен өркениеттің өшпес құндылықтарына ұмтылатын қуатты шығармалары. Әбіш Кекілбаевтың қай қасиетін сөз етсек те ең алдымен қазақ санасында оның әдебиет сыншысы, шебер, көркем шығарма жазушылығыалғы алғы кезекке шығады. Әдебиетке бала кезінен мол дайындықпен келгені оның терең шығармаларынан айқын көрінеді. Әдеттегідей жасқана, имене әдебиеттің есігін ашқан жас өскін емес, білімі толық, кемелі келісті, қаламы төселіп, дауысы орнықкан дарын иесі екендігі шүбәсіз. Ол өзінің көркем сөз зергерлігімен біздің рухани өміріміздің байытты, көзімізді ашты, көкірегімізге ұлттық сенім, сана ұялатты. Тарихи өткен дәуір көріністері суреттелетін бұл хикаяттары мен романында Ә.Кекілбаев аңыз желісін арқау етудегі қазақ әдебиетінде бар үлгіні жаңғырта, өзгеше пайымен қолданады. Жоғарыда айтып өткеніміздей шығармада

аңыз желісін көркем туындыда пайдалану негізінен поэмаларда болатын. Әсіресе, шығарманы тұтас аңызға құру осы поэмаларға тән құбылыс еді. Прозалық шығармаларда, оның ішінде хикаят, романдарда белгілі эпизодтарда ғана аңыз желісі баян етіліп, оқиғаға кірістірілетін рас. Ал Әбіш Кекілбаев өзінің роман, хикаяттарында аңыз желісін негізге ала отырып, тарихи дәуірдің шындығын айтудың басқаларға ұқсамайтын өзгеше жолын іздейді. Әбіш Кекілбаев үшін көркем шығарма арқылы көрінетін негізгі мәселе ондағы оқиғалар тізбегі емес, сол оқиғалар нәтижесінде пайда болған түрлі тағдырлар туралы ой түйіні, тарих сабағы. Кезінде «Әбіш алғашқы кезде көне тақырыпқа қалам тарқанда, біздің ұғымызда қалыптасқан үйреншікті үлгі бойынша белгілі бір тарихи тұлғаны кейіпкер етіп алып, соның ғұмыр кешкен дәуірі мен ортасын суреттеп жатпайды. Әбіш шығармаларының негізгі фабуласы – халық тағдыры, оның жүздеген жылдар ішіндегі басынан өткерген алуан түрлі тауқыметі, сенімі, түсінігі, намысы, сезімі, елдігі, ерлігі, жақсылығы, ездігі- рухани өмірі. Біз айтып отырған «тұтас бір дәуір» жүз жылды былай қойып, мың жылға дейін созылуы мүмкін» ,- деген М.Ысқақбай пікірі соған саяды.

Міне, тұлға бойы телегей-теңіз дарын мен талантқа толы интеллектуалдық құбылысты қыр-сырына терең үңілместен-ақ, оның жазғандарын оқып, толғамдарына тоқталып, сәті түссе дидарласқан адамның сезінетіні. Яғни, қазақ тарихының кесек бітімінің бірі Әбіш Кекілбаев еңбегінің әр саласы тарау-тарау зерттеулер мен құлаш-құлаш мақалаларға арқау боларлық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. *Кекілбаев Ә.*Қаламгер, қайраткер, саясаткер.- Алматы, 2009.
2. *Ысқақбаев М.*Кемел тұлға.-Алматы, 2009.
3. *Кеңесбай Н.*Әбіш Кекілбаев шығармашылығы:тарихи шындық пен көркемдік ізденістер. Рефера.- Астана 2013.

Алматинская область, город Талгар
Учреждение “Колледж Кунаева”
Преподаватель английского языка
Биболова Альбина Бирликовна

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖА. THE USE OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING ENGLISH TO COLLEGE STUDENTS

Введение | Introduction

Современный мир требует от специалистов знания английского языка, и традиционные методы обучения уже не всегда эффективны. Инновационные технологии делают процесс изучения языка более увлекательным и продуктивным. Использование цифровых инструментов, мобильных приложений, виртуальной реальности и искусственного интеллекта помогает студентам колледжей быстрее овладеть языковыми навыками.

The modern world requires specialists to have knowledge of the English language, and traditional teaching methods are not always effective. Innovative technologies make the language learning process more engaging

and productive. The use of digital tools, mobile applications, virtual reality, and artificial intelligence helps college students acquire language skills more quickly.

Основные инновационные технологии | Key Innovative Technologies

Мобильные приложения и онлайн-платформы | Mobile Applications and Online Platforms

Мобильные технологии позволяют студентам учиться в удобное время и в любом месте. Популярные приложения, такие как Duolingo, Memrise, Quizlet, помогают расширять словарный запас, совершенствовать грамматику и тренировать произношение. Онлайн-платформы, например Coursera, Udemy, BBC Learning English, предлагают интерактивные курсы и общение с преподавателями.

Mobile technologies allow students to learn at a convenient time and place. Popular applications such as Duolingo, Memrise, Quizlet help expand vocabulary, improve grammar, and practice pronunciation. Online platforms such as Coursera, Udemy, BBC Learning English offer interactive courses and communication with teachers.

Геймификация процесса обучения | Gamification of the Learning Process

Геймификация – это использование игровых элементов в обучении. Квесты, викторины и соревнования делают обучение более интересным и мотивируют студентов. Например, платформа Kahoot! позволяет проводить викторины, а Classcraft превращает учебный процесс в ролевую игру.

Gamification is the use of game elements in education. Quizzes, quests, and competitions make learning more engaging and motivate students. For example, the Kahoot! platform allows teachers to conduct quizzes, while Classcraft turns the learning process into a role-playing game.

Искусственный интеллект и чат-боты | Artificial Intelligence and Chatbots

Технологии искусственного интеллекта адаптируют обучение под индивидуальные потребности студентов. Чат-боты и виртуальные помощники, такие как Elsa Speak и Speakly, помогают практиковать разговорную речь, исправлять ошибки и получать мгновенную обратную связь.

Artificial intelligence technologies adapt learning to the individual needs of students. Chatbots and virtual assistants, such as Elsa Speak and Speakly, help practice speaking, correct mistakes, and provide instant feedback.

Виртуальная и дополненная реальность | Virtual and Augmented Reality (VR/AR)

Технологии VR и AR создают эффект полного погружения в языковую среду. Например, платформа Mondly VR предлагает студентам участвовать в виртуальных диалогах с носителями языка. Приложения AR, такие как Google Lens, помогают изучать слова, сканируя окружающие предметы.

VR and AR technologies create a full immersion effect in the language environment. For example, the Mondly VR platform allows students to participate in virtual dialogues with native speakers. AR applications, such as Google Lens, help learn new words by scanning surrounding objects.

Коллаборативное обучение и проектная деятельность | Collaborative Learning and Project-Based Approach

Интерактивные технологии позволяют студентам работать в группах над проектами на английском языке. Инструменты, такие как Google Docs, Padlet, Trello, помогают создавать тексты, обсуждать идеи и выполнять задания.

Interactive technologies enable students to work in groups on English-language projects. Tools such as Google Docs, Padlet, Trello help create texts, discuss ideas, and complete assignments.

Заключение | Conclusion

Инновационные технологии расширяют возможности изучения английского языка в колледжах. Они делают обучение более интерактивным, персонализированным и мотивирующим. Использование современных методик позволяет студентам быстрее овладеть языком и применять его в реальных ситуациях.

Innovative technologies expand opportunities for learning English in colleges. They make education more interactive, personalized, and motivating. The use of modern methods allows students to master the language more quickly and apply it in real-life situations.

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы
Ә.Бөкейханұлы атындағы қазақ орта мектебі
Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Уролбаева Насиба Кодирбоевна

АБАЙ ЖӘНЕ ЛЕРМОНТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Михаил Юрьевич Лермонтовтың лирикалық поэзияны дамытудағы еңбегі қандай зор болса, көркем прозаны дамытудағы еңбегі соншалық зор. Ол дастанның қандай тамаша үлгілерін туғызған десек, драмалық шығармалары жайында да осыны айта аламыз. Бұдан Лермонтов талантының өзгеше қыры айқын танылады және сол дәуірдегі орыс әдебиетінің ерекшелігі аңғарылады. Лермонтов өз заманындағы әлеуметтік өмірдің түбегейлі, өзекті мәселелерін қозғап, шығармаларын халық мүддесімен, арман-тілегімен терең қабыстырды.Абай Лермонтовты тек оқып, өлеңдерін аударумен ғана шектелген жоқ. Абайдың Лермонтов поэзиясына деген ықыласы ерекше еді. Ол орыс ақынын жанындай жақын көрді, сырлас, мұңдасын тапқандай болды. Орыс поэзиясына бейімделе бастаған Абайдың ең көп үндестік тапқан ақыны, өзіне туыстас сезінген адамы Лермонтов еді. Абай ұлы ақынның , тіпті сол кездегі орыс қауымының тілек- талабын, мұңын ұға алды. Ол мұңын ұққан халықтың жырын да ұқты. Лермонтовтың ыза- кегі, наразылығы орыс халқының, езілген қауымның кегін, наразылығын танытатын, оның қайғы-мұңы, қалуынан ел мұңы, халық мұңы көрінетінін сезінді.

“ Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен “, “ мыңмен жалғыз алысқан “ ақын өзі де ашу- кекті, ызаны “ жалын мен оттан жаралған”жырларына нәр еткендей еді. Лермонтов ол “ерекше ызаның ақыны махаббаты ашумен уланған ақын” деп, өте-мөте іш тартып, жақын көрдіАбайдың Лермонтовтан дәлме-дәл, өте жақын аударған өлеңдерінен орыс ақынының ой-пікірлері оған да бөтен еместігі айқын сезіледі. Абай аударып, қазақ арасына кең таратқан Лермонтов шығармалары қатарында “ Ой “, “Қанжар “, “ Жартас “, “ Жалау “ , “ Теректің сыйы “, “ Күнді уақыт итеріп “ , “ Өзіңе сенбе, жас ойшыл “, “ Асау той, тентек жиын опыр- топыр, “, “ Тұтқындағы батыр “ сияқты бірнеше өлең бар. Абай орыс ақынның өлең-жырларын ғана аударып қойған жоқ, сонымен бірге дастандарын, прозалық шығармаларын аударуға да баса көңіл бөлді. Лермонтов шығармаларын игеру нәтижесінде Абай поэзиясының тынысы кеңейіп, жаңа дәстүр тауып, молықты.

М. Ю. Лермонтов шығармашылығы — қазақ мәдениетінің де қымбат мұрасы болып табылады. Абай аударған жиырма шақты өлеңі Абайдың төл шығармалары қатарында ел аузына ілініп, халықтың рухани азығы болғанын өз алдына қойғанда, Лермонтовтың игі ықпалының жемісін Абайдың өз творчествосынан да көп ұшыратамыз. Абай орыс әдебиетін 1882 жылдан бастап аударғаны белгілі. Ең бірінші аудармасы – орыстың ақыны М. Ю. Лермонтовтың “ Бородино “ атты патриоттық өлеңінен үзінді. Ең соңғысы – Лермонтовтың “Вадим “ атты ұзақ әңгімесінің желісін, оқиғасын алып, қысқартып жазған поэма. Абай аудармаларының тарихи-әлеуметтік мәні үлкен. Өйткені, ең алдымен, қазақ жұртшылығы Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин тәрізді дүниежүзілік әдебиетінің ірі тұлғаларымен бірінші рет Абай арқылы танысты. Екінші, өзінің зор талант, асқан шеберлігінің арқасында, ұлы ақындардың ұлы еңбектеріндегі үлкен идея, сұқтанар сұлулықты қазақ оқушыларының ой-сезіміне жеткізе аудара біліп, оларға жалпы қазақ халқының жүрегінен жылы орын алып берді. Оларды қазаққа өз ақындарындай сүйгізді. Абайдан бергі, әдебиетті сүйетін қазақтардан, хат білсін, білмесін “ Татьянаның хаты “, “ Қанжар “, “Жалғыз жалау жалтылдап…” өлеңдерін білмейтін қазақ аз шығар. Сөйтіп, Абайдың аудармалары алдағы халықтың мәдениеті, үлкен идея ұлы ақындар мен қазақ халқының жұртшылығы аралығындағы дәнекер болды. Абай оларды тек қана досы көріп қойған жоқ, әрі өзінің ұстазы тұтты…Орыс тілі мен әдебиеті сабағында ірі классик ақындардың шығармаларын салыстырып, өлең

құрылысының ерекшеліктерін ажыратамыз. Түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тақырыптарды өмірмен байланыстырамыз. Сабақ барысында, сыныптан тыс уақытта әдебиет талқылаулары, жазушының шығармашылығына арналған дебаттар, поэзия мен прозадан шығармашылық тапсырмаларды орындау сияқты іс-шаралар ұйымдастырылады. Өлеңдер жазу, эссе байқауларына қатысу, шығармаларды сахналау сияқты жұмыстар оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіріп, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Сондай-ақ, әдебиетке деген қызығушылығын арттыру мақсатында оқушылар үшін әдебиет әлеміне саяхат жасау, орыс классиктерінің шығармаларын тереңірек зерттеу үшін арнайы семинарлар мен жобалардың да маңызы зор. Бұл оқушылардың тіл байлығын ғана емес, сонымен бірге аналитикалық ойлау қабілетін де дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстанның көпұлтты қоғамында осы пәндер жастарды біртұтас рухани және мәдени құндылықтармен таныстырып, ұлттық ұстанымдарды нығайтуда ерекше рөл атқарады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- Абай энциклопедиясы – Атамұра баспасы.
- Абай “Екі томдық шығармалар жинағы, аудармалар мен қара сөздер” – “Жазушы” баспасы. Алматы
- М. Ю. Лермонтов “Шығармалар” – Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. Алматы – 2015.
- М. Ю. Лермонтов “Стихотворение, поэмы” – “Художественная литература”. Москва – 2000.

Атырау қаласы
№21 "Алтын кілт" бөбекжай-бақшасы
Әдіскер
Үмбетова Айгерім Аманқосқызы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МӘНІ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мектепке дейінгі жас - бұл тұлғаны дамыту мен тәрбиелеудің маңызды кезеңі. Осы кезеңде баланың қоршаған ортаға қосылуы, оның әлеуметтенуі, ойлауы белсендіріліп, танымдық қызығушылығы дамиды. Тәрбиешілер мен психологтар оны тәуелсіз өмір жолын бастайтын ерекше кезең ретінде қарастырады.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі тәрбие жүйесін белсенді реформалау жүріп жатыр: баламалы мектепке дейінгі ұйымдар дамуда, мектепке дейінгі тәрбиенің жаңа бағдарламалары пайда болуда, өзіндік әдістемелік материалдар әзірленуде. Осы өзгерістердің аясында баланың эмоционалды саласының дамуына оның интеллектуалды дамуынан айырмашылығы әрдайым жеткілікті көңіл бөлінбейді. Л. С. Выготский мұны интеллектуалды білімге, эмоцияларға емес, интеллектуалды дамуға, рухани салаға бағыттау деп атады. Бұл құбылыс қазіргі кезде де өзекті, өйткені ата-аналар балалардың біліміне, олардың интеллектуалды саладағы дамуына көп көңіл бөледі және баланың эмоционалды саласы, оның тілектері, қабілеттері туралы аз ойлайды. Егер эмоционалды - эстетикалық даму процесі дұрыс емес, қабілетсіз ұйымдастырылса, онда балалардың танымдық белсенділігінің төмендеуі байқалады, олардың мүдделерінің тарылуы байқалады, бұл өз кезегінде ерікті көріністердің әлсіреуіне әкеледі. Бұл эстетикалық эмоцияларды дамытуды қажет етеді.

Эстетикалық тәрбие-педагогика ғылымының бөлігі, ал оның теориялық бөлігі-эстетика. Педагогика "Эстетикалық тәрбиені өнерде және өмірде сұлулықты қабылдау, түсіну, сезіну қабілетін дамыту, сұлулық заңдары бойынша қоршаған әлемді өзгертуге қатысуға деген ұмтылысты тәрбиелеу, көркемдік

іс-әрекетке кіріспе және шығармашылық қабілеттерін дамыту ретінде" анықтайды. Эстетикалық тәрбие - бұл адамды қоршаған өмірдегі, өнердегі, табиғаттағы барлық әдемі нәрселермен таныстыру процесі. Бұл процесс адамда жоғары сезімдерді, мінез-құлықты қалыптастырады.

Баланың толыққанды эстетикалық дамуының негізгі шарттарының бірі – оның көркемдік қабілеттерін қалыптастыру, балалардың шығармашылық қызметіне назар аудару. Егер тәрбие процесін дұрыс ұйымдастырса, тәрбиеші баланың дүниетанымына әсер етіп, оның әлемді көркемдік және эстетикалық қабылдауын қамтамасыз ете алады: эмоционалды ортаның қолайлы ортасын құру, баланың өмірін қызықты сәттер мен әқиғалармен толтыру.

Эстетикалық тәрбиені дамытудың негізгі міндеттері баланың қоршаған ортадағы әсемдікті, оның көркемдік және шығармашылық қабілеттерін жүйелі түрде қабылдауы болып табылады. Сыртқы әлеммен бетпе-бет келген бала әртүрлі сезімдерді бастан кешіруі мүмкін: белгілі бір жағдайларға басқаша әрекет етеді - ол таңдана алады, қуаныш, сүйіспеншілік сезімін сезіне алады; ұнату және ұнатпау сезімі; жек көру сезімі. Тәрбиеші балалардың бойында табиғатқа, өнерге деген сезімталдықты қалыптастыру керек. Ол балаға қоршаған ортаға қатысты өз сезімдері мен эмоцияларын дұрыс және дәл жеткізуге мүмкіндік беруі керек.

Мектеп жасына дейінгі баланың эстетикалық талғамының негіздерін қалыптастыру - әрбір тәрбиешінің алдына қоюы керек тағы бір маңызды міндет. Бала бүкіл оқу-тәрбие үрдісінде өзін қоршаған заттардың сұлулығын тауып, бағалай білуге үйренуі керек. Эстетикалық талғамды қалыптастыру қиын. Сол себепті де тәрбиешінің міндеті балаларға қоршаған әлемге өзінің сұлулық туралы қабылдауын дәл жеткізуге ынталандыру.

Эстетикалық тәрбиенің тағы бір мақсаты- адамның сұлулықты қорғау жөніндегі белсенді әрекеттерін қамтитын шындыққа деген көркем көзқарасты қалыптастыру. Балабақша тәрбиеленушілері эстетикалық мінез-құлықтың негізгі ережелерін білуі керек. Эстетикалық пәндер (музыка, хореография, сурет) арқылы мектеп жасына дейінгі балаларда әдемі сезімді тәрбиелеу қажет. Олар әр балаға шығармашылық арқылы өзінің дүниетанымын сезінуге және білдіруге көмектеседі. Бала өмірінің алғашқы күндерінен бастап ертегілерді, музыканы, өлеңдерді тыңдайды және қабылдайды, суреттерге қарайды. Шындықпен бір мезгілде өнер бала үшін жағымды эмоциялар мен әсерлердің көзіне айналады. Эстетикалық тәрбие процесінде ол барлық жарқын және әдемі нәрсеге бейсаналық жауап беруден, шындықтағы сұлулықты саналы қабылдауға ауысады.

Тәрбиеші баланы сұлулыққа эмоционалды жауап беруден оны түсінуге және ол туралы түсінік қалыптастыруға жетелеуі керек. Бұл жұмыс өте күрделі және қиын. Ол тәрбиешіден бала өмірін жүйелі, байқалмай сұлулыққа қанықтыра білуді, оны қоршаған ортаны жан-жақты көркейтуді талап етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға көркем іс-әрекеттің барлық дерлік түрлері бар: әңгімелер жазу, өлең жазу, пластилиннен, саздан модельдеу; ән айту, сурет салу. Қазірдің өзінде осы кезеңде балалардың көркемдік және шығармашылық қабілеттері дамып келеді, бұл балаларда жаңа идеялар мен ойлардың пайда болуымен көрінеді. Олар балалардың іс-әрекетінде, өз сезімдері мен ойларын шығармашылықпен білдіру кезінде өз білімдері мен әсерлерін шынайылықпен біріктіре білуінде бейнеленген.

Баланы өмірдің сұлулығын сезінуге және түсінуге үйрету-бұл ересектер жасауы керек өте қиын жұмыс. Бала кезінен бастап баламен бірге болатын барлық ойыншықтар, туған қабырғалар, заттар мектеп жасына дейінгі балаға үлкен әсер етеді. Балаға арнайы таңдалған ыңғайлы киім, түс схемасының үйлесімі, балалардың тіршілік ету ортасын (топтарын) жобалау – мұның бәрі көру арқылы қабылданады және баланың жадында, санасында көрінеді. Балабақша өмірінің эстетикасы тәрбиеленуші үшін қарапайымдылық пен жайлылықта көрінеді. Балабақшадағы баланы қоршап тұрған барлық нәрсе-бұл әр бала үшін қарапайым және түсінікті заттар, олар баланың дүниетанымына өз үлесін қосады және оның санасында сақталады.

Балаға сұлулық сезімін ояту үшін тәрбиеші өзінің тәрбиеленушілерімен өткізген әр күніне мұқият дайындалуы керек. Бұл экскурсия күні болуы мүмкін. Шынында да, экскурсия барысында балалар да белгілі бір білім алады және олардың жасына қажетті тәжірибені жинақтайды. Дұрыс дайындықпен экскурсиялар баланың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дамытуға негіз болады.

Эстетикалық тәрбиені жүзеге асырудағы басты рөл балабақшаға тиесілі. Бірақ отбасы да балаға айтарлықтай әсер етеді. Балабақша мен отбасының әсерінің бірлігі болған жағдайда ғана эстетикалық тәрбие міндеттерін толыққанды жүзеге асыруға болады. Балалардың әрқайсысы керемет музыкант немесе суретші бола бермейді, бірақ әр бала өнерге деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты оята алады, қажет эстетикалық талғамды дамытады және сұлулықты көруді, аялауды үйренеді.

Алматы қаласы, Алатау ауданы
И.Қ. Мандоки атындағы №154 жалпы білім беретін мектеп
Дене шынықтыру пәні мұғалімі
Сыздыков Еркебулан Болатович

ТАЭКВОНДО СПОРТЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Таэквондо – әлемдегі ең танымал және кең таралған спорт түрлерінің бірі. Бұл спорт тек дене тәрбиесін ғана емес, сонымен қатар адамгершілік, тәртіп, шыдамдылық және рухани даму сияқты қасиеттерді де қалыптастырады.

Таэквондо сөзіне тоқталатын болсам, Taekwon-Do («тхэ» -аяқ, «квон» -қол, «до»-өнер) - аяқ және қолдың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, спортшылар бір-бірімен қарсы күресетін олимпиадалық спорт түрі. Бұл спорттың отаны Корея мемлекеті болып табылады. Басқа корей жекпе-жек өнерінен айырмашылығы, таэквондода тек қана адамның қол-аяғы қолданылады. Таэквондо спортына ерлер мен әйелдер қатыса береді.

Корей спортының тарихы 2000 жыл бұрын басталған. Корей түбегінің аумағында үш патшалық билік еткен. Олар: Когуре, Силла және Пэкче. Әр патшалық өзінің жауынгерлік өнерлерін дамытты. Жауынгерлік өнер сыртқы жауларға қарсы тұру үшін керек болды. XX ғасырдың басында Корея мемлекетін Жапония елі басып алған еді. Ал таэквондо спортын шеберлер жасырын түрде дамытқан. 1945 жылы жапон оккупациясынан кейін жауынгерлік өнер мемлекеттік спортқа айналды. Бұл кезеңде жауынгерлік өнердің техникалары сақталып, рухани және философиялық дәстүрі жоғалды.

Кейбір деректерге сүйенсек, бұл спорт түрі корей елінің ежелгі Корё тайпасында пайда болған деседі. Оны Чхве Хон Хи атты әскер басшысы ойлап тапқан. Бұл спорттың ол кездегі мақсаты атты әскерлерді теуіп құлату және де 2-3 жауынгермен еркін соғысу болып көзделген екен. Ал қазіргі кезде Таэквондо спорт түрі болып танылады. Біздің Қазақ жеріне бұл спорт түрін Мұстафа Өзтүрік алып келген болатын. Соның арқасында Таэквондо шеберлері көптеп шығып жатыр.

Тәуелсіздік алғаннан кейін көптеген тхэквонда жауынгерлік өнерін үйрететін спорт үйірмелері ашылды. 1950-1953 жылдарда үйірмелердің саны біршама көбейді. Спорт үйірмелерінің аттары әр түрлі болып аталды. Олар тхесудо, субак, субак-до, квонбоп, тэген, тансудо, тэквонбоп және т.б.

60-жылдардың басына дейін мемлекет спортқа араласпады. Осы мәселе бойынша мемлекеттік саясаттың маңызды кезеңі Президент Пак Чон Хидің билікке келгеннен кейін өзгерді. Бұл кезеңде спортқа байланысты бірыңғай жүйе құрылды. 1955 жылы тхэквондо бүкіл әлемдік деңгейде дами бастады. Бүгінгі күні бұл спорт түрімен 40 миллионнан астам адам айналысады.

Ережесіне тоқталатын болсам, жекпе-жек үш раундтан тұрады. Әр раунд үш минутқа созылады. Жасөспірім балалар үшін (14 жасқа дейінгі балалар үшін) 2 минуттық уақытқа созылып, 30 секундтық үзіліспен өтеді. Спаррингке кем дегенде үш ай бойы дайындалған спортшылар қатыса алады. Жарыс кезінде спортшылар жас, салмақ санаттарына, сондай-ақ жынысқа байланысты бөлінеді.

Спортшының денесіне белгілі бір соққылар қабылданса, онда төреші спортшыға белгілі бір ұпай береді. Кез келген денеге соққы тисе 1 ұпай, егер басқа тисе 3 ұпай беріледі. Спортшы арнайы қауіпсіздік жастықшасымен жабдықталады. Ереже бойынша спортшылар тек қауіпсіздік жастығымен жабдықталған жерлерге соққы жасай алады. Тхэквондо бойынша омыртқа, желке жүйелеріне соққы жасауға болмайды. Егерде ереже бұзылатын болса, спортшыларға айыппұл санкциялары беріледі. Төрт айыппұл алатын болса, дисквалификацияланады.

Елімізде таэквондомен 200 мыңнан астам адам айналысады. Оның ішінде 116 мыңы -жас спортшылар. 500 мыңнан астам халқы бар әр қалада әдетте 8-ден 30-ға жуық түрлі таеквондо секциялары өз жұмысына жүргізуде. Қазақстандық таэквондо федерациясы 30 жылдан астам уақыт бойы қарқынды дамып келеді, Қазақстанда және әлемдік спорт аренасында жаңа шыңдарды тұрақты түрде бағындырып келеді. Қазақстан Таеквондо федерациясының құрамына 20 өңірлік Федерация кіреді, жыл сайын ел аумағында өңірлік, ұлттық және халықаралық деңгейдегі 100-ден астам жарыс өткізіледі.

Өзім осы саланың маманы ретінде таэквондо спортының бала үшін маңыздылығына тоқталсам:

Ең бірінші, Таэквондо адам денсаулығын нығайтуда үлкен рөл атқарады. Жаттығулар кезінде барлық бұлшықеттер жұмыс істейді, дененің икемділігі, күші және жылдамдығы артады. Сонымен қатар,

тұрақты жаттығулар жүрек-қан тамырлары жүйесін жақсартады, иммунитетті күшейтеді және салмақты қалыпты деңгейде ұстауға көмектеседі.

Екіншіден, таэквондо – қатаң тәртіпке негізделген спорт түрі. Әрбір спортшы жаттығу кезінде тәртіптілікке, ұстамдылыққа және өзін-өзі бақылауға үйренеді. Бұл қасиеттер күнделікті өмірде де маңызды рөл атқарады.

Үшіншіден, таэквондо тек қана күрес өнері емес, ол адамның рухани әлемін де дамытады. Спортшылар өз эмоцияларын басқаруға, сабырлы болуға және қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға үйренеді.

Төртіншіден, таэквондоның негізгі мақсаты – өзін-өзі қорғау. Бұл спорт адамды қауіпті жағдайларда өз өмірін қорғауға үйретеді. Әр түрлі шабуылдардан қорғану әдістерін меңгеру арқылы спортшылар өздеріне деген сенімділігін арттырады.

Бесіншіден, таэквондо – олимпиадалық спорт түрі. Бұл спорт көптеген елдерде кең таралған және халықаралық жарыстар жиі өткізіледі. Қазақстанда да таэквондо қарқынды дамып, көптеген спортшылар әлемдік ареналарда жоғары жетістіктерге жетіп жүр.

Қорытындылай келе, таэквондо – денсаулықты нығайтатын, тәртіпке үйрететін және рухани дамуға көмектесетін спорт түрі. Бұл спортпен шұғылдану арқылы адам өзіне сенімді болуды, қиындықтарды жеңуді және өз мақсатына жетуді үйренеді. Таэквондо – физикалық және рухани дамудың үйлесімді үйлесімі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Республикалық «Спорт» газеті, 2024 ж.
2. Республикалық «Дружна яребята» газеті, №3 (6413), 21.01.2025 ж., 7-бет

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені» КММ
Информатика пәнінің мұғалімі
Меирбаева Айнаш Айткалиевна

ОЙЫН МЕН ГЕЙМИФИКАЦИЯ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫ ДАМЫТУ

Информатика пәнін оқыту процесінде ойын және геймификация элементтерін қолданудың оқу тиімділігіне әсерін зерттеуге бағытталған. Геймификация – бұл ойын элементтерін ойын емес контексттерде қолдануға негізделген тәсіл. Зерттеу жұмысында геймификацияны енгізудің әртүрлі аспектілеріне байланысты қолдануға арналған сервистік бағдарламалар, соның ішінде «Joyteka», «Umiagra», «Slides Mania» бағдарламасында квесттерді қолдануға болады.

Білім беруді цифрландыру жағдайында информатика пәнін оқытуда геймификация элементтерін қолдану және оның оқыту тиімділігіне әсерін бағалау. Осы мақсатқа жету үшін ойын технологиясы мен геймификацияны қолдануға қатысты теориялық әдебиеттерге талдау жасалды және деректерді жинаудың әртүрлі әдістері қолданылды.

Қазіргі кезде ойын тәсілдемесін қолдану арқылы оқыту кеңінен дамуда. Күнделікті өмірде кездесетін мәселелердің көбейіп, үлкен ақпарат ағынын қолдану және өңдеу жағдайында ойын түсінікті, шабыттандырушы және қарапайым оқыту әдісіне айнала бастады. Қазіргі кезде оқу үдерісінде пікірталас, квест, ғылыми шоу және рөлдік ойын сияқты интерактивті білім беру практикасы кеңінен қолданылады.

Егер *геймификация* ойын элементтері арқылы оқуды қызықты етсе, *«ойын ойнау»* оқуды модель түріндегі ойын төңірегінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ойын барысында адамдар нақты өмірлік процестерді қарастырып, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда қалай әрекет жасау керегіне тәжірибе жасайды.

Lego Foundation сияқты көптеген ұйымдар оқытудың ойын аспектісін белсенді дамытуда. Ойын арқылы оқыту әдістерінің тиімділігін зерттеу ойын баланың шығармашылық әлеуетін, қиялын және басқа да жақсы тұлғалық қасиеттерін дамытатын табиғи және сенімді тәсіл екенін көрсетеді. Сонымен қатар, ойын арқылы оқыту барысында оқу ортасының оқушыларға қоршаған әлеммен байланысты

болып, шынайы қарым- қатынас жасауына мүмкіндік беруі маңызды.

Іске асыру механизмдері:

Ойын арқылы оқу (Game-Based learning)

Геймификация (Gamification)

Ойын элементтері арқылы қызықтырып оқыту (Edutainment)

Ойын арқылы оқу (Game-Based learning)

Ойын білім алуға қызығушылық тудырады және қиындықтарды жеңіп, шешім қабылдауға үйретеді. Ойын оқытудың көптеген маңызды аспектілерін жүзеге асырады, мысалы ойын оқушылардың өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуды, тәуекел дәрежесін бағалауды және шешім қабылдауды, әрекет жасау барысында оған өзгеріс енгізуді, қиындықтарды жеңу және барлық күш-жігерін жұмылдыруды, "белгілі бір уақытта" және "сұраныс бойынша" ақпаратты іздеуді және оны тиісті контексте қолдануды қарастырады.

Ойын арқылы оқыту оқу процесіне ойынды кіріктіруді білдіреді. Білім беру тұрғысынан ойынның екі түрін қарастыруға болады:

- тек ойын-сауық сипатындағы ойындар;
- ойын-сауыққа ғана емес, сонымен қатар оқуға бағытталған оқу мақсаты мен білім беру міндеттеріне сәйкес жасалған ойындар.

Сабақта екі топтағы кез келген ойынды ұтымды қолданауға және кез келген ойынды кең ауқымда пайдалануға болады.

Сабақта ойын-сауық ойындарын (компьютерлік және табиғи жағдайдағы) ұтымды қолдануға болады. Мысалы, белгілі карта ойындары математиканы оқытуда пайдалы болуы мүмкін (мысалы, покер — ықтималдық теориясын түсіндіруде) және көптеген танымал компьютерлік ойындарды география, тарих немесе физика сабақтарында қолдануға болады.

Ойынды білім беруде қолданудың негізгі мақсаты – оқушылардың оқуға қызығушылығы мен ынтасын арттыру, бірақ ойын мұғалімдер мен оқушылардың барлық проблемеларын шеше алмайды. Ойын білім беру тізбегіндегі бір ғана буынды құрайды және басқа әдістермен қатар қолданылуы тиіс.

👍 *Артықшылығы*

- Ақпаратты қызықты түрде беру мүмкіндігі.
- Ойнау мен білім алу енді антоним түрінде болмайды.

Қиындықтар ⚠️

- Ойында пайдаланылған фактілер мен деректерді тексеру мүмкіндігінің болмауы.
- Белгілі бір тақырыпқа сәйкес ойынды іздеумен байланысты қиындықтар

Геймификация (Gamification)

Білім беруде гемификацияны қолдану білім алушыларды оқу процесіне ынталандыру мен тартудың қуатты құралы болып табылады.

Геймификация оқу мақсатына жету үшін ойын элементтері мен ойын механикасын ойын емес жағдайда қолдануды білдіреді.

Балаларға позитивті жағдайда оқу ыңғайлы және мұнда олар оқу процесіне толығымен қатыса алады. Гемификациядағы саналы бәсекелестік оқушыларға оқу мақсатына жетуге және командалық рухты дамытуға көмектеседі. Мұғалімдердің сабақта әртүрлі геймификация сервистерін қолдануы оқушылардың АКТ құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді және балаларды оқуда жақсы нәтижеге жетуге ынталандырады.

Гемификация баланың қасиеттерін (мінезін) қалыптастыру үшін ойынға тән әдістерді, динамиканы, құрылымды және механизмдерді қолданады.

Білім берудегі геймификация үш салаға қатысты элементтерден құралады:

Бірінші сала – динамика, яғни не болып жатқан жағдайды ойын

ретінде қабылдау.

Бұған сюжет, баяндау стилі, масштаб, мақсат пен міндет сияқты элементтер кіреді.

Екінші сала – ойындағы оқиғаларға қатысты ойын ережелері.

Үшінші сала – ойыншыларды марапаттау жүйесі, яғни рейтинг, ұпай, деңгейлер, медаль, виртуалды кейіпкерлер, қосымша виртуалды тауарларды тағайындау шарттары, т.б.

Геймификацияның негіздері белгілі бір мақсаттарға жету үшін әртүрлі контексттерде ойын дизайнының принциптері мен элементтерін қолдануға негізделген. Оның негізінде бірнеше негізгі ұғымдар жатыр:

Ойын дизайны: геймификация қатысуға құрылым мен мотивация жасау үшін ережелер, мақсаттар, қиындықтар мен марапаттар сияқты ойын дизайнының элементтерін пайдаланады.

Ойын механикасы: бұл ойыншының ойын ортасымен өзара әрекеттесуін анықтайтын ережелер мен жүйелер. Механиктердің мысалдарына нүктелер, деңгейлер, жетістіктер, рейтингтер және прогресс жатады.

Баяндау: Геймификация эмоционалды байланыс орнату және қатысушыларды қызықтыру үшін оқиға немесе баяндау элементтерін пайдалана алады.

Қатысу: геймификация қатысушыларға қызықты және қиын тапсырмаларды ұсына отырып, белсенді қатысуға ұмтылады.

Әлеуметтік элементтер: көптеген геймификацияланған жүйелер бәсекелестік, кооперативті өзара әрекеттесу және тәжірибе алмасу сияқты әлеуметтік функцияларды қамтиды.

Кері байланыс және бағалау: геймификацияның маңызды аспектісі-қатысушыларға олардың жетістіктері немесе сәтсіздіктері, сондай-ақ бағалау және прогресс жүйелері туралы Кері байланыс беру.

Информатика сабақтарында геймификацияның артықшылықтары материалды тиімдірек және қызықты игеруге ықпал ететін оқытудың көптеген аспектілерін қамтиды.

Актюбинская область, Мугалжарский район
КГУ «Кандыагашская городская общеобразовательная средняя школа №2»
Учитель математики
Сарсенбаева Гульнар Муратовна

МАТЕМАТИКА КАК ОСНОВА СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ЗАЧЕМ ОНА НУЖНА СЕГОДНЯ?

Математика — это один из самых фундаментальных предметов в системе образования. Многие воспринимают её как сложную и абстрактную дисциплину, предназначенную лишь для специалистов в области точных наук. Однако в действительности математика играет гораздо более важную роль в развитии личности и формировании ключевых навыков для жизни в современном мире. В условиях стремительных изменений в науке, технологии и обществе, значение математического образования становится всё более очевидным. В этой статье рассмотрим, почему математика так важна в современном образовании и какие возможности она открывает для будущих поколений.

1. Развитие логического и критического мышления. Математика — это не просто набор формул и теорем, а целая система, в которой каждый шаг основан на логике и доказательствах. Изучение математики помогает учащимся развить критическое мышление, научиться анализировать, выстраивать последовательность действий и принимать обоснованные решения. В отличие от многих других дисциплин, в математике не бывает неопределённых или «почти правильных» ответов. Всё должно быть чётко и однозначно, что развивает у учащихся внимание к деталям и способность к тщательной проработке проблемы.

Логические задачи, теоремы и доказательства учат подходить к решению проблем системно и не останавливаться на полпути. Это критически важный навык в условиях постоянно меняющегося мира, где нужно быстро адаптироваться к новым ситуациям и искать оптимальные решения.

2. Фундамент для других наук и технологий. Математика — это основа, на которой строятся многие другие науки. Физика, химия, экономика, биология, информатика и инженерия — все эти области

требуют хороших математических знаний. Математические методы используются для моделирования процессов, создания алгоритмов, расчётов и анализа данных.

Для того чтобы стать инженером, программистом, экономистом или учёным, необходимо освоить основы математики. Более того, современный мир всё больше ориентирован на технологии, и многие профессии в будущем будут непосредственно связаны с математическими знаниями, включая области искусственного интеллекта, машинного обучения и анализа больших данных.

Современные технологии, такие как интернет, мобильные приложения, банковские системы и облачные вычисления, также построены на математических алгоритмах. Для разработки и оптимизации этих технологий необходимы специалисты, обладающие глубокими знаниями в области математики. Следовательно, математическое образование становится не только важным, но и необходимым для успеха в высокотехнологичном будущем.

3. Развитие навыков решения проблем. Одним из главных преимуществ математики является то, что она обучает решению проблем. Математика, как дисциплина, направлена на нахождение решений сложных задач, при этом существуют различные подходы к решению одной и той же проблемы. Этот опыт помогает учащимся развивать гибкость мышления и учит их преодолевать препятствия на пути к достижению целей.

Решение математических задач требует терпения и настойчивости. Учащиеся, которые привыкли справляться с трудными задачами, не теряются в сложных ситуациях, а подходят к проблемам с осознанием, что каждый шаг — это шаг вперёд, даже если решение не приходит сразу.

4. Важность математики в повседневной жизни. В повседневной жизни мы часто сталкиваемся с задачами, требующими математических знаний: расчёт бюджета, покупка товаров со скидками, планирование времени и ресурсов, измерения и расчёты. Математика помогает эффективно управлять деньгами, временем и другими ограниченными ресурсами.

Помимо этого, в условиях глобализации и технологических изменений знание математики становится необходимым для понимания информации, которую мы ежедневно получаем. Это касается как взаимодействия с цифровыми технологиями, так и более осознанного подхода к финансовым решениям, таким как налоги, кредиты и инвестиции.

5. Подготовка к инновациям и будущим профессиям. Математика является основой для многих перспективных и высокооплачиваемых профессий. Такие области, как искусственный интеллект, робототехника, биотехнологии и аналитика больших данных, уже активно развиваются и требуют специалистов с углублёнными знаниями математики. Развитие новых технологий невозможно без математических алгоритмов, которые лежат в основе таких инноваций, как автономные автомобили, квантовые вычисления или персонализированная медицина.

Математика позволяет не только понять уже существующие технологии, но и предсказать и создать новые. В будущем профессии, связанные с обработкой данных, машинным обучением и разработкой программного обеспечения, будут играть ведущую роль в экономике и обществе, а без крепкой математической базы карьерный рост в этих областях будет затруднён.

6. Математика и развитие личных качеств. Математика формирует в человеке такие качества, как усидчивость, внимание к деталям, дисциплинированность и способность работать с абстракциями. Эти качества важны не только для профессиональной деятельности, но и для личной жизни. Математика учит быть терпеливым и настойчивым, искать решения даже в самых сложных ситуациях, а также способствует развитию ответственности и самоконтроля.

1-тапсырма «Жебе» әдісі «шын/жалған» сұрақтар арқылы әңгімені пысықтау. 10минут	Оқушыларға сәттілік! Білімізді шыңдайық! *Әдебиеттің түпкі мақсаты- адам жанын тәрбиелеу.* Әдебиет- сөз өнері, тарих айнасы. Тарихта болған оқиғаны сөз өрнегімен бізге жеткізген А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесін үйде толық оқу, Әңгімеде оқиға қандай жерлерде болған екен?.Дарынды оқушыларға тапсырма: Сыр бойын сипаттау. Түрікмен жерін сипаттау 1-тапсырма «Жебе» әдісі. «шын/жалған»сұрақтар арқылы әңгімені пысықтау. 1.«Шашты» әңгіменің авторы Айгүл.Кемелбаева жазушы, әдебиеттанушы (Шын). 2.)300-ден астам мақала жазған? (Шын) 3 Бұл әңгіменің кейіпкері шашы ұзын қыз бала.(жалған). 4. Ерторының немересін табын-табын жылқымен қоса теке түрікпен олжалап, күнбатыс еліне айдап әкеткенін естігенде,қыпшақ елі ah ұрды. Шын ба, жалған ба? (Шын) 5.Ата-тегін сұраған жат болмайды..Қаңлы десем,көгім қазақ дегенім,қарағым.Бабам азан шақырып қойған есімімді, сүйегімді жариялап айтпай –ақ қояйын.Сен сұрама-деп айтқан жылқышы карт. (шын). 6. Шырағым, сын сағатың туды, ал ,көзіме тік қара, сөзімді бақ!-деп бұйыра сөйледі Түрікмен жау (Жалған) 7.Қарағым,бұл тойда сен тәуекел деп бел буып, еліне қашасың! Сол сәт-менің есіл өткен қайран өмірімнің құны толық ақталғаны! –деді жылқышы карт. Шын ба, жалған ба? (Шын). 8.). Тұтқын шал Кенжебекпен қашты. (Жалған) 9. Мойнында күміспен күптелген тобылғы қамшы енді сенікі.Ата салтымен бала елге аман -есен жетсін деп ырымдап берген жылқышы карт. Шын ба, жалған ба? (Шын) 10.Жолда бейіт кездессе,әулие деп ұқ. Тәңірі жарылқасын! Жеті қараңғыда ,жын-шайтан жүреді, үйірімен пері көшеді.Бөгде кейпіне еніп, құбылып кездесуі мүмкін бастан кешкенмін.Сол кезде күміс қамшымен ку, саспа,дұға оқи бер.Жылқыға жақын ұйықта.Жолда арқан тапсаң,соны шеңберлеп ұйықта,бүйі, жылан шақпайды-деген Жылқышы қарттың сөзі. Шын ба, жалған ба? (Шын) 11. Кимешегінің жиегіне зер жүгірткен үлкен шешесі тегенеге құйып,қайың ожаумен бал қымызды ағаштан ойылған тостағандарға толтыра құяр мезетін көз алдына елестеткені сол , көзінен бір тамшы жас ыршып түсті.Жылқышы қарттың көз жасы. Шын ба, жалған ба? (Жалған12. Әңгіме –қара сөзбен жазылған шағын	Айгүл Кемалбаеваның "Шашты" шығармасы қыпшақ даласына шабуылдап жылқы барымталаған түрікпендер қоса алып кеткен қазақ баласы Шашты(Кенжебек)туралы. Әңгімені «шын/жалған» табады. **Кенжебек -Ақ түс.Себебі**. «Батаменен ел көгерер» дегендей жолы болды. Ақ жол.Тасқұл берген бата қабыл болды. Әулие бабаларға сыйын деп құлағына құйған Тасқұл сөзін бұлжытпай орындады. **Тасқұл- САРЫ түс.**Сағыныш түбі сары алтын. Неге ?Себебі жауда қалған атбегі өнері –алтынмен тең.Кенжебекке қайрат-жігер берді.Намысын оятты.Бауырмалдық жасады. Өлімнен, жазадан қорықпады. Жауға түсіп,еліне қашып келмейді, себебі құлдық сүйекке салған таңба. «Өлімнен ұят күшті» деген мақал да сай келеді. Атажан- қызыл түс.Сақтану белгісі. «Жау жоқ деме жаға астында». «Бір анадан ала да туады,құла да туады»дегендей адал құлға бостандық берді.Ал оның інісі Кенжебек қашып кеткенде қазанды қақ бөліп тастады. Інісіне қарағанда Атажан жақсылықты танушы. **Жарайсыңдар!** **«Ұлттық құндылық» үстеліндегі киіз үдің ішіндегі тапсырманы орындай** Киіз үйдің ішіндегі суретті алып атауын айтып, мақал-мәтелдер берілген , көп нүктенің орнына тиісті сөзді қою **Қиын болды** | **Қызықты болды** | **Құнды болды** 	Қазақ әдебиеті оқулығы. А4 қағаз Қағаз қиындылары арқылы топқа бөлемін. А4 қағазға жабысқан стикердегі сұраққа жауап беру.

2 тапсырма. 10минут «5W» әдісі арқылы кейіпкерлерді талдау Кейіпкерлерді жинақтап, даралайды. 10минут	көркем шығарма. Шын ба, жалған ба? (шын) 13.Әңгіменің құндылығы : Азаттықты қадірлеу. Шын ба, жалған ба? (Шын). Сабақта талдайық деп отырған шығармадағы кейіпкерлерді атайықшы Осы кейіпкерлерді талдаймыз Кенжебек, Тасқұл. Атажан осы кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау арқылы жақсы қасиеттерін жинақтау,даралаймыз. Неге кейіпкерлерге осы түс берілді деп ойлайсыңдар? 1-топ: Кенжебек -ақ түс. Ақ жол.Батаменен ел көгерер 2-топ: Тасқұл- сары түс.Сағыныш түбі сары алтын. 3-топ: Атажан- қызыл түс сақтану. Жау жоқ деме жаға астында 1-кейіпкер.1.Басты кейіпкер кім? 2.Қандай бала? 3.Не себепті қарт жылқышының айтқанын жасады ? 4.Кенжебектің ауылы қайда?Торыайғыр. 5.Неге Кенжебек тобы ақ түс берілді деп ойлайсыңдар ?	 	
3-тапсырма «Кім тапқыр? әдісі «Ұлттық құндылықтар» тақтайшасы 5минут	2-кейіпкер.Шын есімін айтпайтын кім ? Тасқұл қандай адам? Не себепті Кенжебекке көмектесті? Балаға көмектескен соң қайда болды? Неге сары түсті топқа берілді? 3. Тұтқындардың қожасы кім? Атажан қандай адам? Атажан жүйрік жылқысынан айырылғанда қайда бет бұрды? Не себепті Тасқұлды жазаламады?		
10минут Сабақтың соңы	Әңгімеде кездесетін ұлттық құндылықтарды атайықшы.Ол үшін киіз үйдің ішіндегі тапсырмаларға жауап беріп, тақтаға жабыстырайық.		
	Оқу сауаттылығына арналған тапсырмалар Мақсаты: 10.2.2.1 – автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау. Мәтінді мұхият оқып, заманауи тұлға ретінде сыни тұрғыдан пікір білдіріңіз.		
Кері байланыс. «ҚҚҚ» әдісі. 7мин	Кері байланыс. «ҚҚҚ» әдісі. Бағалау парағы Қолдарын ұстап көтереді.Сол арқылы кімнің қанша бал алғаны анықталады.		
Бағалау 3минут	Оқушы аты -жөні | 10-9 балл 100%. Ту 8- 7 балл 80%.Жылқы 6-5 балл 50% Қамшы		
Үйге тапсырма	Эссе. Әңгіме туралы айтар болсам,...		

Жамбыл облысы, Шу қаласы
Төле би атындағы орта мектебі
География пәні мұғалімі
Мырзакулова Мереке Сейсеналиевна

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының төртінші басымдығында «білім беру реформасы Қазақстанның нақты бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі» деп атап көрсетілген. Қазіргі уақытта оқу нәтижелерін өлшеу белсенділік тәсіліне негізделеді, өйткені білім сапасы оқушының онымен не істей алатынымен анықталады.

Мектептердің оқу жоспарларында оқытылатын пәндер санының көбеюіне және кейбір классикалық мектеп пәндерін оқу уақытының қысқаруына байланысты қиындықтар туындайды. Солардың бірі – география. Осы жағдайлардың барлығы география әдістемесі саласында жаңа теориялық зерттеулерге негіз жасайды, өскелең ұрпаққа білім беруді жаңарту білім беруді ұйымдастырудың әдістерін, құралдары мен формаларын жаңартуды, оқу процесін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін іздестіруді, жаңа педагогикалық технологияларды енгізуді талап етеді. Оқыту тәжірибесінде кең таралған түсіндірмелі-иллюстративті және репродуктивті әдістерге ғана сүйену мүмкін емес.

Көп деңгейлі білім беру жүйесіне көшуге байланысты білім беруді дараландырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін модульдік оқыту технологиясына қызығушылық артты. География әдістемесінде оқыту технологияларын қолданудың айтарлықтай тәжірибесі жинақталған. Модульдік технология географияны оқытуда да қолданылады.

Модульдік оқыту 1980 жылдардан бері талқыланатын тақырып болды. 1989 жылы П.А.Юцявичененің «Модульдік оқытудың теориясы мен практикасы» атты кітабы жарық көрді. 1990 жылдардың басында жаңашыл мұғалімдер модульдік бағдарламалар мен математика, физика және биология сабақтарын жасады. 1995 жылы Т.И.Шамованың жетекшілігімен гуманитарлық пәндер бойынша модульдік сабақтарды өткізу тәжірибесі дамыды. Бұл технология авторларының пікірінше, ол педагогикалық теория мен практикада жинақталған барлық прогрессивті нәрселерді біріктіреді. Сонымен, бағдарламаланған оқытудан оқушының іс-әрекеті идеясы оның белгілі бір логикадағы нақты іс-әрекеті, өзін-өзі бақылау негізінде оның іс-әрекетін үнемі күшейту және оқу-танымдық әрекетінің дараланған қарқыны арқылы алынады.

Бұл технологияның өзегі модуль болып табылады. Модуль – білім мазмұны мен оны меңгеру технологиясын біріктіретін мақсатты функционалдық бірлік. Оның негізгі идеясы – оқушы өздігінен білім алуы керек, ал мұғалім оның оқу әрекетін басқарады. Модуль мазмұны, оқыту әдістері, дербестік деңгейі, оқу қарқыны және танымдық белсенділігі жағынан дараланған оқыту бағдарламасы ретінде қарастыруға болады. Ол оқыту құралы ретінде әрекет етеді, өйткені ол мыналарды қамтиды: мақсатты іс-әрекет жоспары, ақпарат банкі, дидактикалық мақсаттарға жету үшін әдістемелік нұсқаулық. Мазмұны, оқыту әдістері, дербестік деңгейі, оқушының оқу-танымдық әрекетінің қарқыны бойынша дараланған оқыту бағдарламасы ретінде әрекет ете алатын - модуль. Модульдік оқыту технологиясының айрықша белгілері жүйелілік, құрылымдылық, өнімділігі, жоспарлы тиімділігі болып табылады.

Модульдік оқыту технологиясының негізгі мақсаты – оқушылардың өздігінен білім алу, саналы мақсат қою және өзін-өзі жүзеге асыру дағдыларын дамыту. Модульдік оқыту технологиясында мұғалімнің рөлі оқушылардың саналы оқу әрекетін ұйымдастыруға дейін жетіп, таза ақпараттық

функциялардан босатылып, кейбір басқару функцияларын модульдік бағдарламаға ауыстырады және оқушылардың өз бетінше танымдық, зерттеушілік, шығармашылық әрекеттерін үйлестіруші және ұйымдастырушы ретінде жаңа рөлге ие болады.

Модульдік оқытудың міндеті – оқушылардың оқуға деген ішкі ынтасын қалыптастыру, өз бетінше танымдық іс-әрекет дағдыларын дамыту, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру. Бұл технология педагогика ғылымы мен практикасының дамуындағы сабақтастықты сақтай отырып, педагогика мен әдістеме құралдарын түбегейлі жаңартуға бағытталған.

Модульдік технология мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетінің сан алуан түрлерін қамтамасыз етеді, соның арқасында оқушы іс жүзінде оқудың белсенді субъектісіне айналады. Модульдік технологияны қолдану арқылы оқу үдерісін құру кезінде мұғалім белгілі бір оқу материалын меңгеру мақсатын нақты көрсететін, ақпарат көздерін пайдалану бойынша нақты нұсқаулар беретін және бұл ақпаратты қалай меңгеру керектігін түсіндіретін оқушылардың өзіндік жұмысына арналған арнайы нұсқауларды әзірлейді. Дәл осы нұсқаулықта тест тапсырмаларының үлгілері (көбінесе тест түрінде) берілген. Сонымен бірге модуль сабақ уақыты бойынша сәйкес болуы керек, өйткені бір модульмен жұмыс істеу тиімділігі бірнеше сабақтарға бөлінген жағдайда төмендеуі мүмкін. Модульдік бағдарлама бойынша жүйелі жұмыс пәнді тақырып, сабақ және сағат саны бойынша нақты құрылымдауды қарастырады. Бөлек тақырып аясында модульдік сабақтар автономды және сонымен бірге бір-бірін алмастырады, яғни циклды білдіреді. Сонымен, модульдік технология келесі қасиеттермен ерекшеленеді:

- икемділік (үйренушілердің жеке ерекшеліктеріне бейімделу);
- динамизм (қызмет түрлері мен әдістеріне үйрету);
- ұтқырлық (өзара байланыс, өзара алмасу және жеке тақырып аясында модульдердің мобильділігі);
- оқу-тәрбие процесінің әртүрлі кезеңдерінде (оқу, бекіту, жалпылау) модульдік сабақтарды өткізу мүмкіндігі;
- мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас формаларының өзгеруі.

Кез келген модульдік сабақ білім беру элементтерінен тұрады. Модульдік бағдарламаларды қолданудың табыстылығы көбінесе білім беру элементтерінің – бірінші ретті модульдердің сапалы мазмұнына байланысты.

Модуль нұсқауы мынаны болжауы мүмкін:

- оқушының жеке өзіндік жұмысы;
- жұппен серіктестік жұмыс;
- топпен жұмыс.

Географияны оқытудағы модульдік технология бағдарламаны дараландырумен сипатталатындық - тан, үш форма да маңызды рөл атқарады.

Модульдік технологияны қолдану мыналарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді: денсаулықты сақтайтын оқу процесін; оқытуды ұйымдастырудың нысаны мен тәртібі туралы толық ақпарат беру, теориялық материалды, өзін-өзі аттестациялауға арналған материалдарды, оқу жобалау тапсырмаларын ұсыну арқылы жеке пән бойынша жеке тұлғаға бағытталған оқыту; әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды таңдау мүмкіндігіне байланысты оқу үдерісін саралау, табысты оқушылар үшін курстың тақырыптары бойынша өз бетінше үлгеруді ұйымдастыру мүмкіндігі және артта қалған оқушылар үшін назардан тыс қалған материалға қайта оралу; ойлау түрлерінің жеке дамуына байланысты материалды баяндау деңгейі мен түрін таңдау мүмкіндігіне байланысты пәндік саладағы ілгерілеудің жеке траекториясы; өзіндік жұмыс формаларын және басқаларын пайдалану.

Модульдік оқыту технологиясы оқушының интеллектісінің дамуын, дербестігін, ұжымшылдығын, оқу-танымдық іс-әрекетін басқара білуін, эмоционалдық тұрақтылығын, тәжірибелік курстың өтуіне қарай бірте-бірте кәсіби дағдыға айналуын қамтамасыз етеді. Осы қасиеттердің барлығының дамуы бір-бірімен ажырамас байланыста жүзеге асады. Оқыту элементтерінің көрнекі табиғаты әуелден тыңдаушылардың қиялды ойлауын жаттықтырады, бұл сызба-нұсқауларды нақты практикалық әрекеттерге қайта кодтауға мүмкіндік береді. Осылайша, оқушылардың практикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыруында модульдік оқытудың көп деңгейлі жүйесі сәйкес құралдарды пайдалана отырып, нақты операцияларды орындау кезінде олардың кәсіби өзін-өзі бақылаудың тұрақты дағдыларының біртіндеп қалыптасуына ықпал етеді. Модульдік технологияны қолдану кезінде педагогикалық процеске қатысушылардың барлығы ішкі бақылау, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу дағдыларын меңгереді, сонымен қатар оқу уақытын қысқартып, тиімділікті арттырады. Модульдік технология уақытты қысқартуға мүмкіндік береді, бұл ретте зерттелетін материалдың көлемі өзгеріссіз қалады.

Түркістан облысы, Келес ауданы, Қошқарата ауылы
№22 З.Рүстемов жалпы білім беретін мектеп
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші
Ишанова Айгуль Кайпназаровна

САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЫСАНДАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Аннотация. Мақалада саралап оқыту технологиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Саралап оқыту әдісінің негізгі нысандары мен мақсаттары ашылып, оның білім алушыларға тигізетін оң әсері сипатталады. Сонымен қатар бұл технологияның деңгейлік тапсырмалар, дифференциациялау, жекелеп оқыту, топтық жұмыстар, шығармашылық жобалар арқылы жүзеге асырылатыны баяндалады.

Кілт сөздер: саралап оқыту, қазақ тілі, әдебиет, оқыту әдістері, дифференциациялау, шығармашылық жобалар, жекелеп оқыту, деңгейлік тапсырмалар, топтық жұмыс

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі үнемі өзгеріс үстінде болып, оқыту әдістері жаңа талаптарға сай бейімделуде. Білімнің мазмұны мен оқыту әдістерін жетілдіру, оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру, олардың мүмкіндіктеріне сай білім беру қажеттілігі күннен-күнге артып келеді. Осы орайда, саралап оқыту технологиясы оқушылардың дара ерекшеліктерін, қабілеттерін ескеріп, білім беруді ұйымдастыруда маңызды әдіс ретінде қолданылады. Бұл технология педагогтың шығармашылық қабілетін дамытып, оқыту үдерісін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда саралап оқыту әдісін қолдану арқылы әрбір оқушының білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар беріледі, оқу үдерісі тиімді ұйымдастырылып, оқушылардың танымдық белсенділігі артады.

Саралап оқыту – білім алушылардың қажеттіліктеріне қарай оқу материалының мазмұнын, тапсырмаларды, оқыту қарқынын және бағалау әдістерін өзгерту арқылы оқыту тәсілі. Бұл технология оқушыларды жекелеген топтарға бөліп, олардың қабілеттерін ескере отырып, тиімді білім алуға мүмкіндік береді. Саралап оқыту негізінде оқушылардың оқу үлгерімі, қызығушылығы мен қабілет деңгейі анықталып, оларға сәйкес тапсырмалар ұсынылады. Мұндай оқыту әдісі дарынды оқушылардың қабілеттерін шыңдауға, орташа оқушылардың білімін тереңдетуге және үлгерімі төмен оқушылардың өз мүмкіндігінше дамуына жол ашады.

Педагогикалық процеске қойылатын негізгі талаптардың бірі – білім беруді даралау және саралау принципінің ережелерін сақтау. Сабақ процесін ұйымдастыру тек топқа арналған болса, әрбір оқушының оңтайлы жалпы дамуына қол жеткізуге болады ма? Оқушыға әсер етпесе, оның сабақ беру процесін бақыламаса, білім алушының қабілеттерін қалыптастыра аламыз ба? Әрине, олай болмасы анық, сондықтан белгілі бір оқушы типіне, әсіресе сынып ішінде аталған пән бойынша үлгерімі төмен оқушыға немесе оқушылар тобына арналған оқу тапсырмалары қажет. Осыдан келіп қойылатын талаптар, оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу материалы мен оқыту әдістемесінің күрделілік дәрежесін барынша дұрыс анықтауға ұмтылу, оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру – оқушылардың қолжетімді қарқынмен жұмыс істеуіне қойылатын және оқу үдерісін басқарудың шарты.

Мысалы, оқушы сын есім түсінігіне анықтама бере алмаса, не екенін білмесе, «Сын есімнің шырайлары» ұғымын меңгере ала ма? Қазақ тілінің бастапқы негізін түсінбей, алға басу мүмкін емес деп ойлаймын, егер мүмкін болған күннің өзінде, онда мұғалімнен негізсіз үлкен күш-жігерді жұмсау арқылы

қол жеткіземіз. Сондықтан деңгейі төмен оқушы осы тақырыптың ең болмаса бір бөлігін меңгеруі үшін қиындық тудырмайтын, жеке ерекшеліктері арқылы шешуге болатын жеке тапсырмаларды дайындау қажет.

Қоғамымыздың әрбір өсіп келе жатқан мүшесінің, оның ішінде өз құрдастарынан кішкене артта келе жатқан балалардың дамуына жағдай жасау – шешуде әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және т.б. талдау аспектілері бір-бірімен тығыз байланыста болатын ең өзекті және өте күрделі міндеттердің бірі.

Көбінесе үлгерімі төмен оқушылардың деңгейі басқалардың үлгерімінен айтарлықтай асып түсетін кездер де жеткілікті түрде жиі байқалады, бұл, әрине, олардың іс-әрекетіне әдетте педагогикалық процесте қарастырылғаннан гөрі егжей-тегжейлі басшылықты қажет ететінін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, үлгерімі төмен оқушылар оқыту әдістеріне көбірек тәуелді болады – жақсы оқитын оқушылар көбінесе осы әдістерге қарамастан табысты оқу және даму көрсеткішіне ие. Үлгерімі төмен оқушылардың ілгерілеуіне мұғалімнің арнайы әдістемесі – «жеке талаптар» арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Үлгерімі төмен оқушылардың өз ақыл-ой әрекетін толық түсінбейтіндіктері, оның ұтымды әдістері мен тәсілдерін нашар меңгергендері, жақсы оқитын құрдастарына қарағанда оларды әр түрлі жағдайларда адекватты қолдануға, өз бетінше дайындалуға жиі қабілетсіздіктері байқалады. Олар жағдайлар мен мүмкіндіктерге көбірек байланысты. Мұның бәрі азды-көпті сәтсіздіктерге, талаптар мен жағдайларға төтеп бере алмауға, бұл өз кезегінде білім мен дағдылардың нашарлығына ғана емес, сонымен қатар әртүрлі түрлерге эмоционалды және ұтымды көзқарастың өзгеруіне әкеледі.

Салыстырмалы түрде ұзақ әсер ететін факторлардан туындаған оқу іс-әрекетіндегі кемшіліктер мұнда тек мұғалімдер мен ата-аналар үшін ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өздері үшін де еңсерілмейтін мәселелер мен қиындықтарға әкеледі. Сондықтан мұндай жағдайдың алдын алу, бірақ оқушының артта қалуының алғашқы белгілеріне (психикалық пассивтілік және қалыптаспаған танымдық қызығушылық сияқты) әлдеқайда ертерек әрекет ету секілді педагогикалық міндеттер бекітіледі.

Егер үлгерімі төмен оқушыларды оқытуға деген теріс көзқарасты өзгерту қажет болса, онда бұл оқушылардың бірлескен іс-әрекетін топ ұжымы ішінде шағын топтарда пайдаланудың мәні бар – бұл әсер олардың өзіне, өз күштері мен қабілеттеріне деген сенімділіктерін арттырады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде саралап оқытудың түрлі формалары қолданылады. Олардың ішінде деңгейлік тапсырмалар беру, дифференциациялау, жекелеп оқыту, топтық жұмыстар ұйымдастыру, шығармашылық жобалар арқылы оқыту кең таралған. Деңгейлік тапсырмалар беру әдісі арқылы мұғалім әр оқушының дайындық деңгейіне сәйкес оқу тапсырмаларын анықтайды. Бұл әдіс әсіресе тілдік дағдыларды қалыптастыруда тиімді болып табылады. Мысалы, бір оқушыға мәтіннің негізгі идеясын анықтау тапсырылса, екінші оқушыға осы мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерін талдау, ал үшінші оқушыға мәтін бойынша шағын эссе жазу міндеттеледі. Осылайша, оқушылардың ойлау қабілеті мен тілдік білімі сараланып дамиды.

Дифференциациялау әдісі бойынша оқушылардың қабілеттеріне қарай топтарға бөлінуі – олардың оқу материалын жақсы меңгеруіне мүмкіндік береді. Кейбір оқушылар грамматикалық тапсырмалармен жұмыс істеуге бейім болса, енді біреулері шығармашылық бағыттағы жұмыстарды ұнатады. Осы тұрғыдан алғанда, саралап оқыту оқушылардың жеке қызығушылықтарына сүйене отырып, олардың қабілеттерін жан-жақты дамытуға жол ашады. Бұл әсіресе әдебиет пәнін оқытуда айқын байқалады. Көркем шығармаларды талдау барысында кейбір оқушылар образдарды салыстыруды жақсы орындайды, ал басқалары шығарма композициясын зерделеуге бейім болады. Мұндай ерекшеліктерді ескере отырып, мұғалім әрбір оқушының қабілетіне сәйкес тапсырмалар беріп, олардың танымдық белсенділігін арттырады.

Жекелеп оқыту әдісі де саралап оқытудың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл әдіс әсіресе оқу қиындықтары бар оқушыларға көмек көрсету мақсатында тиімді қолданылады. Мысалы, кейбір оқушылар грамматикалық ережелерді тез меңгерсе, басқалары үшін қосымша түсіндіруді қажет етеді. Мұндай жағдайда мұғалім жеке кеңес беріп, оқушының білім алуына жағдай жасайды. Сондай-ақ жекелеп оқыту әдісі дарынды оқушылармен жұмыс істеуде де пайдалы. Олар күрделі әдеби талдаулар жүргізіп, шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы өз білімдерін жетілдіре алады.

Топтық жұмыс әдісі – оқушыларды бірлесе жұмыс істеуге баулып, олардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде топтық жұмыс түрлері көптеп қолданылады. Мысалы, бір топ оқушы мәтінді мазмұндаса, екінші топ оны әдеби тұрғыдан талдайды,

үшінші топ көркемдік ерекшеліктерін анықтайды. Осылайша, әр оқушы өз қабілетіне сай тапсырма орындап, өз ойын еркін жеткізуге үйренеді.

Шығармашылық жобалар арқылы оқыту – оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға бағытталған әдіс. Бұл әдіс әсіресе әдебиет пәнінде тиімді қолданылады. Оқушылар белгілі бір тақырып бойынша зерттеу жасап, шығармашылық жұмыстар орындап, өз ойларын дәлелдеуге үйренеді. Мысалы, олар белгілі бір жазушының шығармашылығын зерттеп, оның көркемдік ерекшеліктерін талдауы мүмкін. Осылайша, оқушылар әдебиетті тереңірек түсініп, өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Саралап оқыту технологиясының негізгі мақсаты – әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның білім алуына жағдай жасау. Бұл әдіс оқушылардың өзіндік ізденісін арттырып, олардың білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар саралап оқыту мұғалімге де үлкен жауапкершілік жүктейді. Мұғалім әрбір оқушының білім деңгейін анықтап, оған сәйкес тапсырмалар әзірлеуі қажет. Бұл үлкен еңбекті талап ететін үрдіс болғанымен, нәтижесінде оқушылардың білім деңгейі артып, олардың оқу материалын игеруі жақсарады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда саралап оқыту әдісін қолдану – заман талабына сай келетін тиімді әдістердің бірі. Бұл технологияның көмегімен мұғалім әрбір оқушының қабілетіне сәйкес білім беріп, оның дамуына жағдай жасайды. Саралап оқыту тек білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өзіндік қабілеттерін ашуға, олардың шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Сондықтан бұл әдісті білім беру үдерісіне кеңінен енгізу – сапалы білім берудің кепілі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дүйсенбекова Ж. Білім берудегі дифференциация принциптері. – Алматы: Оқулық, 2020.
2. Амонашвили Ш.А. Тұлғалық-бағдарлы білім беру технологиялары. – Мәскеу: Педагогика, 1989.
3. Байжанова Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: жаңартылған бағдарлама аясында. – Алматы, 2022.
4. Әдістемелік нұсқаулар. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істеу әдістемесі. – Астана: Bilim, 2020.

Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы
"Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп" КММ
Ағылшын тілі пәннің мұғалімі, педагог-модератор
Масалім Айгерім Жағдақызы

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЫНЫПТАРДА ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Қазіргі таңда әлемде көптеген мемлекеттер бар, ал тұрғындар сөйлейтін тілдер одан мың есе көп. Әр елдегі адамдар бір-бірімен қалай сөйлесе алады деген сұрақ туындайды. Міне, осындай жағдайда адамдар ұлтына қарамастан әлемдік тілдердің көмегімен бір-бірін түсініп, ақпарат алмаса алады. Осындай тілдердің ішінде ағылшын тілі бірінші орында тұр. Осыдан аз ғана уақыт бұрын ағылшын тілі кәдімгі шетел тілі болды, бірақ қазіргі уақытта әлемдік деңгейге көтеріліп, әлемдік қарым-қатынастың негізі болып саналады. Барлық адамдар ағылшын тілін меңгеруді армандайды. «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» – деп Тұңғыш Елбасымыз Жолдауда айтып кеткендей, қазіргі заман ағылшын тілін жіті талап етуде. Біз қайда болсақ та әрқашанда ағылшын тілін естиміз. Бұл тіл қазіргі заманғы бүкіл адамзатқа жаһандық болып

табылады. Адамдарға бір-бірін біріктіру үшін ортақ тіл болу маңызды. Әлемде көптеген тілдер бар, бірақ соның ішінде бесеуінде көптеген адамдар сөйлейді: қытай, ағылшын, испан, хинди, орыс тілі. Барлық қолданыстағы тілдердің ішінде ағылшын тілі ең дұрыс нұсқа болып табылады. Ол бизнес, саясат, ғылым және спорт тұрғысынан ең пайдалы тілі болып табылады.

Орта мектепте ағылшын тілін оқытудың тарихы 1947 жылдан басталады. 1947 жылы Министрлер кеңесінің «Орта мектепте шет тілін оқытуды жақсарту туралы» қаулысы шетел тілін оқытудың әрі қарай дамуына ықпал еткен құжаттар болды. Содан кейінгі 1961 жылы шыққан «Шет тілдерін оқытуды жаңарту» туралы қаулы кейінгі он жылдықтағы мақсат - міндеттерді айқындап берді. 1977 жылы «орта мектепте оқытуды, тәрбиелеуді дамыту туралы» қаулыдан кейінгі көптеген өзгерістер болды.

Оқытудың бірінші кезеңі қарым-қатынас ретінде тілдің негізін қалау арқылы анықталады. Тілді қарым - қатынас құралы ретінде қолдануға екі жылдай әзірлік курсы керек. Тілді пайдалану үшін тілді таңдау, сөйлеу, жазу, оқуды білу керек. Бірінші кезең – тілді оқып үйренуде өте маңызды кезең, осы кезеңде оқу қалай қалай басталса, солай жалғасады.

Бастауыш кезеңде бірінші орынға оқып-түсіну және аудару қойылады:

- оқушылар таныс емес сөздерді оқып білуі;
- сөздіксіз мәтінді оқып түсіне білу;
- жазбаша аудара білу, жазбаша оқытуда мынадай талаптар қойылады;
- шет тілін туған тіліне ауызша аудара білу;
- мәтінді көшіріп жаза білу;
- қысқаша сөйлеуді жаза білу.

Ауызша сөйлеуде шет тілінде өз ойын айта алу және ауызша хабарлама жасауға (монолог) және шет тілінде әңгіме жүргізе білуге (диалог) мән берілді. Оқуға қойылатын талап та өзгерді. Аудармаға аз көңіл бөлінді. Тәжірибелік мақсатқа жету үшін бірінші рет магнитофон таспасын, күйтабақты қолдану және үйге оқуға берілетін мәтіндер пайдаланыла бастады.

Қазіргі кезеңде орта мектепте ағылшын тілін оқыту 3 кезеңнен тұрады: Бірінші кезең – оқытудың бірінші жылы, екінші кезең – барлық 10 сыныпқа дейінгі сыныптар, үшінші кезең – 10-11 сыныптар. Оқытудың бірінші кезеңінде ауызша сөйлеудің және оқытудың негізі қаланады, өз атынан қысқаша сөйлемдер айту, берілген материалды қабылдау және дауыстап оқуға үйретіле бастайды. Бағдарлама бойынша бекітілген уақытқа дейін созылатын ауызша кіріспе бөлімнен басталатын бірінші кезеңнің негізі – ауызша сөйлеу болып табылады.

Екінші кезең қабылдау механизімі қалыптасады және өз атынан сөйлем айтуға дағдыланады, күнделікті қарым-қатынас тіліне үйренеді, тыңдап түсіну, дауыстап оқу, оқығаның аудармасыз түсіну іс-әрекеттері дамиды. Бұл кезеңде де ауызша сөйлеу негізгі іс-әрекет болып есептелінгенмен де, оқуға да үлкен ден қойылады.

Үшінші кезеңде ауызша сөйлеу күнделікті қарым-қатынас тілінен бағдарламада көрсетілген қоғамдық саяси тақырыптар бойынша сөйлеу деңгейіне дейін, сонымен қатар көркем әдебиет, ғылыми-ағарту тақырыптары да қамтылады. Бұл үшінші соңғы кезеңде ауызша сөйлеу мен оқу бірдей деңгейде алынады. Әдістер атауы туралы түсінік лингвистика саласында әлдеқайда жаңғыруда. Әдістемелер әртүрлі кезеңдерде оқыту мақсаттарының өзгеруіне байланысты жаңадан аталып отырады: мысалы, логикалық қағидалар бойынша синтетикалық әдіс, аналитикалық әдіс, дедуктивтік әдіс, т.б; тіл салалары бойынша грамматикалық әдіс, лексикалық әдіс, фонетиакалық әдіс, тілдің психологиялық қағидалары бойынша индуктивтік әдіс, тура әдіс; ойлап табушының аты – жөні бойынша Коменский әдісі, Гуэн; Пальмер, Уэст, Фриз, т.б әдістері деп аталады. Ең негізгі әдістерге ғана тоқталсам:

1. Грамматикалық - аудармалық әдіс – әдістеменің ең көне әдісі.
2. Тура әдіс, бұл әдіс 1870 жылдан бастап қолданыла бастады.
3. Қазіргі әдістер.

Грамматикалық - аударма әдістің ерекшеліктері:

1. Грамматикалық талдаудың негізі;
2. Тілді оқытудағы грамматикалық сатылар;

Грамматикалық - аудармалық әдіс бойынша сөйлемді талдаудың ең жақсы әдісі – оны әуелі ана тілінде түсіндіріп, сөйлем мүшелерін, яғни бастауыш пен баяндауышты, толықтауышты анықтау. Әрі қарай талдауды етістіктің шағын, етістікті анықтап жалғастыруға болады. Содан кейін оқушыларға осы сөйлемнің шет тіліндегі аудармасын беру оңайырақ болады. Дыбыстар, морфемалар, сөздер әр тілдің өзіне ғана тән түрінде болады, ал синтаксистік негізгі қағидалары барлық тілдерге тән. Барлық ағылшын

тіліндегі грамматикалық құрылымдармен сәйкес келмейді. Грамматикалық - аудармалық әдіс алғашында XVIII - XIX ғасырдың мектептерінде кеңінен қолданылды. Кейіннен педагогика, психология, лингвистика ғылымдарының дамуы бұл әдіске өзгерістер енгізіп, XIX-XX ғасырдың соңында «екі грамматиканың» ара қатынасы ажыратылды. Қазір де әдістемеге дәстүрлі тұрғыдан қарағанда грамматиаклық - аудармалық әдіс жиі кездеседі. Қарым-қатынас жасауға бағытталған қағидат қазіргі заманға әдістемелік негізгі принцип болып есептеледі. Бұл қағидат бойынша оқушыларға ағылшын тілін үйрету, тыңдап түсіну, сөйлеу іс-әрекеттері арқылы ауызша сөйлеуді арттыру, оқу және жазу арқылы жазбаша қарым-қатынас жасау жүзеге асырылады. Яғни, ағылшын тілінде оқыту бағдарламасы аяқталғанша сөйлесу, әңгімелесу арқылы қарым-қатынас үйреніп жатқан тілде болуы тиіс. Екінші оқыту қағидаты – бөлу және біріктіру арқылы. Сөйлеудің әрбір түріне тән таңдау іс-әрекеті, лексикалық-грамматикалық сипаттамаға сай болады. Сонымен бірге, тіл үйрену кезінде дыбыстауға үйрену, сөзге, грамматикаға, сөйлем жасауға үйренген кезде, барлық сөйлеу іс-әрекеті қоса жүреді. Шет тілге үйренудің алғашқы қезеңінде бөліп оқыту немесе біріктіріп оқыту негізінде іске асады. Үшінші қағидаты – ана тіліне сүйене оқыту принципі. Бұл бойынша барлық грамматикалық, лексикалық, орфографиялық қиындықтар ана тіліндегі баламаларымен салыстырмалы түрде, балалардың ана тіліндегі білімі ескеріле үйретіледі. Жалпы әдістемелік қағидаттардың негізгі принципі – тәрбиелеп оқыту қағидаты. Шет тілін үйретуде оқыту мен қатар тірбиелік мақсат та көзделеді. Яғни, ағылшын тіліне үйрену оқушының эстетикалық еңбек, саяси – идеялық мінез-құлықтарының қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан, ағылшын тіліне үйрену процесі оқушыдан жан-жақты жүйелі түрде өзін-өзі жетілдіруді талап етеді. Сана қағидаты. Қазіргі әдістемеде үлкен көңіл бөледі, себебі пән игеруде сана оқушының интеллектуалдық қызығушылығын, білімін, ой қорыту, оны игеру іс-әрекетінің артуына себебін тигізеді. Бұл принцип бойынша оқыту әрекеті бір мақсатты көздейді – қабылдау, ұғу арқылы жүзеге асады. Ағылшын тілін үйрету үшін әрбір оқушының белсенділігін көтеруде бұл принциптің алатын орны зор. Бұл принцип бойынша оқу процесіне әрбір оқушы бар ынтасымен, қызығушылығымен қатысуы тиіс. Көрнекілік қағидатында оқыту көру және қабылдау әдістері арқылы жүзеге асады. Көрнекілік принципі, әсіресе бастауыш сыныпта, оқытудың алғашқы сатысында көбірек қолданылады. Жеңілдету қағидаты: Жаңа тақырып оқушының қабылдауына еш кедергі келтірмейтіндей, оқушылардың білім дәрежелеріне сай жеңіл түрде берілуі тиіс. Кездескен қиындықтарды өз бетімен немесе мұғалімінің көмегімен шеше алатындай тақырыптар беріледі.

Дәйектілік қағидаты: Білім жүйелі түрде өсіп тұруы тиіс. Қолданылған барлық сөздер, өз бірліктері оқушының сақтау керек, тыңдап түсіну, сөйлеу, оқу және жазу кезінде барлық материал дәйекті түрде алынуы керек. Берілген ақпарат оқушының есінде сақталуынан білім берудегі нәтиже анықталады. Жеке ерекшеліктерін ескеру қағидаты бойынша мұғалім оқушының жеке ерекшеліктерін, білім дәрежесін керек, соған байланысты әр оқушыға әртүрлі тапсырмалар беріледі. Әсіресе, үлестірмелі материал берген кезде ескеріледі. Біріздiлік қағидаты бойынша барлық материал бірін-бірі жалғастыратын негізде берілуі керек. Ана тілінде берілген материалдың негізінде беріледі. Жүйелік қағидаты бойынша белгілі бір жүйе бойынша оқыту процесі бір мақсатты негіздейтін іс-әрекет болуы тиіс. Әрбір жаңа алынған тақырып өткен тақырыпты күрделі түрде қайталап, тереңдете жалғастырылуы керек. Ғылымилық қағидаты, яғни теориялық тәжірибемен байланысты. Ағылшын тілін оқытуда алынған білімді тәжірибеде дәлелдеуде үлкен көңіл бөлінеді. Іс-әрекет кезінде ғана оқушының білім және материалды меңгеру дәрежесі анықталады. Берілген материалды игерген оқушы әрі қарай басқа да ғылым салаларын пайдаланғанда, техника, өнер саласында өз білімін пайдалана алады. 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған еліміздің даму стратегиясында қазақ тілін өркендету мен шет тілдерді оқыту мәселесіне айрықша мән берілген. Шет тілін білу сән емес, заман талабы екені белгілі. Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым - қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару – біздің казіргі кездегі міндетіміз. Ағылшын тілін тереңдетіп, жан-жақты оқытуды қоғам, уақыт қажет етіп отыр.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі, ағылшын тілін жетік меңгертуді талап етеді. Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал, әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Ағылшын тілін білу – уақыт талабы.

Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы
«Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп-гимназиясы» КММ
Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-модератор
Төлеген Айжарқын Мұсақызы

АҒЫЛШЫН ТІЛІН БІЛУ - ҮЛКЕН МҮМКІНДІКТЕРДІҢ КІЛТІ

Қазіргі уақытта шет тілдерін үйрену заманауи адам өмірінің маңызды аспектісі болып табылады. Ол бізге өзге елдердің мәдениетімен, дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік береді, ойлау, қиял, есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Ағылшын тілін білу мемлекеттердің өмірдің көптеген салаларында (ғылым, саясат, мәдениет, өнер және т.б.) бір-бірімен тиімді әрекеттесуі үшін қажет. Қазіргі таңда шет тілін білу – кәсіби құзыреттілік шарттарының бірі.

Халықаралық іскерлік байланыстардың және жаңа шетелдік технологиялардың дамуымен және шетелдік мамандармен кәсіби ынтымақтастықтың кеңеюімен Қазақстанның жекелеген аймақтарының шет тілдерін меңгерген мамандарға қажеттілігі артты.

Шет тілдерін, әсіресе халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде ағылшын тілін білу жақсы жұмыс тапқысы келетін, сыртқы әлеммен байланыс орнатқысы келетін және мәдени білімін жетілдіргісі келетін барлық қазақстандық жастар үшін өзекті.

Ағылшын тілінің қазіргі әлемдегі рөлін түсіну үшін ең алдымен оның қалыптасу тарихын білу қажет. Ең танымал және сұранысқа ие Оксфорд сөздігін жасаушы тілдің қалыптасуына әсер еткен 5 негізгі оқиғаны анықтады.

Жасыратыны жоқ, тілдің қалай қалыптасқанын білу мүмкін емес. Герман басқыншылары біздің заманымыздың V ғасырында Ұлыбританияға келіп қоныстанғаны белгілі. Олар герман тілінде сөйледі. Бұл кезең туралы мамандардың мәліметі аз. Себебі сол кездегі жазба мұрағаттар мен құжаттар табылмады. Диалектілердің қалыптасуы VII-IX ғасырлардағы деректермен расталады. Олардың барлығы IX ғасырда Ұлы Альфред ағылшын тілі деп атаған тілге жатады.

Кейбір сарапшылар ағылшын тілінің дамуына кельттердің ықпалы болды деп есептейді. IX ғасырдың ортасынан бастап Норвег басқыншылары Ұлыбританияға қоныстанды. Ағылшын тілінің дамуына скандинавиялықтардың сөзі күшті әсер етті деп есептеледі.

Норман жаулап алуынан кейін бірнеше ғасырлар ішінде ағылшын тілінде елеулі өзгерістер орын алды. Сол кезеңде қалыптасқан флективті жүйе бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді. Оның айтуынша, грамматикаға тән сөздердің жалпы жалғаулары ағылшын тілінде ешқашан қолданылмайды. Өзгерістер сөздік қорына да әсер етті. Басқа тілдерден алынған сөздер белгілі, олар ақырында жазбаша сөйлеуде пайда бола бастады.

Кейінгі ортағасырлық және жаңа кезеңде ағылшын тілін стандарттаудың тұрақты процестері орын алды. Жазбаша және ауызша тіл өзгере берді. Дауысты дыбыстардың үлкен ауысуы деп аталатын құбылыс болды. XVII ғасырдың басынан бастап ағылшын тілінің әсері бүкіл әлемде сезілді. Уақыт өте келе оны әртүрлі елдердің адамдары пайдалана бастады.

Қазіргі әлемде ағылшын тілінің маңыздылығы қазіргі уақытта өте зор. Бүгінде оның жұмыс табуда маңызды рөл атқаратыны ешкімге де жасырын емес. Беделді және жоғары жалақы алатын лауазымды тапқысы келетін адамдар ағылшын тілін жақсы білуі керек. Себебі ірі фирмалар жиі шетелдік серіктестермен ынтымақтасады. Бүгінгі таңда ағылшын тілі - халықаралық тіл. Шетелдік серіктестермен толық келіссөздер жүргізу және мәмілелер жасау үшін олар жеткілікті білікті болуы керек.

Ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде саяхаттау тек шетел тілін білсек және түсінсек ғана мүмкін болады. Ағылшын тілін білудің арқасында осы тілде сөйлейтін ел азаматтарымен оңай сөйлесе аламыз. Әлемнің кез келген жерінде халықтың белгілі бір пайызы шетел тілін түсінеді. Сондай-ақ, ағылшын тілін саяхатшылар аудармашыға ақша үнемдеу үшін ғана емес, сонымен қатар әртүрлі күлкілі жағдайларды болдырмау үшін де үйренуі керек. Ағылшын тілін білу- сапардан әлдеқайда көп эмоциялар мен әсер алудың шынайы негізі.

Шетел тілін жетік білу – табысты адамдарды тәрбиелеудің таптырмас құрамдас бөлігі. Ұқсас тармақ қазір барлық дерлік мемлекеттік және коммерциялық мекемелердің кадр бөлімшелерінің түйіндемелерінде ана тілінен басқа кем дегенде бір өзге тілді білетіндер басқаларға жағымды әсер қалдырады. Бүгінгі таңда шетел тілін білу – жұмысқа орналасудың және бәсекелестік артықшылықтың негізгі критерийлерінің бірі. Сондықтан қазақстандықтар соңғы кездері бірнеше шет тілдерін меңгеруге ұмтылуда.

Лайықты білім алғысы келетін оқушылар үшін қазіргі әлемдегі ағылшын тілінің рөлі айқын. Оның білімі кез келген университетте оқуға мүмкіндік береді. Білім туралы алынған құжат барлық елдерде бағаланады, мысалы, Лондон университетінің дипломына ие болған түлек әлемнің кез келген жерінде беделді жұмысқа орналаса алады.

Әрбір дерлік ірі кітапханада ағылшын тілінде кітаптар кездеседі. Детективтерді, романдарды, поэмаларды және басқа да белгілі әлемдік шығармаларды шет тілін біле отырып, түпнұсқада оқудың өзіндік эмоциясы, ерекшелігі бар, тағы бір себебі кітаптардың аудармасы әрқашан дәл және сөзбе-сөз бола бермейді. Ағылшын тілін білудің арқасында, сондай-ақ қызықтыратын техниканы немесе жабдықты тереңірек зерттеп, меңгере аламыз.

Ағылшын тілін үйренудің өзектілігін технологияның қарқынды дамуымен де түсіндіруге болады. Жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен келген мамандар жаңа өнертабыстар жасайды. Оларға ағылшын тілінде жиі кездесетін атаулар беріледі. Бір ғажабы, бізге таныс қазірде күнделікті қолданысымызда жүрген біршама сөздер ағылшын тілінен енген кірме сөздер саналады.

Интернеттің қарқынды дамуының арқасында әртүрлі ұлт өкілдері интернетте тығыз қарым-қатынас жасай бастады. Бір-бірін түсіну үшін олар ағылшын тілін пайдаланады.

Ағылшын тілі жасөспірімдер мен жастардың өмірінде маңызды рөл атқарады. Ағылшын тіліндегі компьютерлік ойындар ойыншылар арасында өте танымал. Әдетте, жаңа шетелдік ойындардың басында орысша немесе қазақша аудармасы жоқ. Қазіргі уақытта ойыншыларға тек шет тілін білу ғана көмектесе алады. Осының арқасында ол жаңа өнімді ешқандай ыңғайсыздықты сезінбестен сынап көруге мүмкіндік алады. Ағылшын тілінде де пайдалы бағдарламалар бар. Шетел тілін білу тек ойындарды ғана емес, қолданбаларды да оңай пайдалануға мүмкіндік береді.

Жастардың сөйлеуінде ағылшын сөздерінің көп саны бар. Сарапшылар мұны жасөспірімдер қоғамында қалыптасқан стереотиптер мен идеалдарға байланысты деп санайды. Жастар Америкадағы өмір сүру деңгейі бізден әлдеқайда жоғары екеніне сенімді. Осылайша ағылшын тілінен алынған сөздерді өз сөзінде қолдана отырып, олар белгілі бір жолмен өздерінің идеалына жақындайды.

Тағы да бір айт кететін жайт, ағылшын тілінен қазақ немесе орыс тіліне аудармашы - жылдан жылға танымал және сұранысқа ие мамандық. Оны көбіне шет тілін жақсы білетін түлектер таңдайды.

Мамандық ежелгі дәуірде пайда болған. Оның қалыптасуы елдер арасындағы экономикалық қатынастардың пайда болуымен байланысты. КСРО-ның ыдырауы кезінде кәсіп онша танымал болмады, өйткені мұндай жұмысшылардың жұмысы аз ақы төленетін. Бүгінгі таңда ағылшын тілінен өз ана тілімізге аудармашы жоғары және тұрақты табысымен ерекшеленеді. Әдетте, мұндай мамандар ірі және ықпалды компанияларда жұмыс істейді.

Аудармашы мамандар келесідей қасиеттер мен қабілеттерге ие келеді:

- шет тілдеріне бейімділік;
- жақсы есте сақтау;
- жақсы дикция;
- табандылық;
- коммуникативті дағдылар;
- дипломатиялық қасиеттер, сондай-ақ дамыған құлағы бар және еліктеуді біледі.

Ағылшын тілі бүгінде қазақ тілін дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Кірме сөздер – лексикалық құрамды толықтыру көздерінің бірі. Олар әртүрлі тілдік топтардың өкілдері арасындағы

этникалық, әлеуметтік, мәдени және экономикалық байланыстардың фактілерін көрсетеді. Бұл құбылыс бірқатар себептерге байланысты:

- жаңа заттар мен құбылыстарды атау қажеттілігі;
- қазақ тіліндегі баламалардың болмауы;
- ең дәл атаудың болмауы;
- стильдік әсерді қамтамасыз ету.

Қазақ тіліндегі кірме сөздер санының өсуі өткен ғасырдың аяғында байқалды. Бұл КСРО-ның ыдырауы мен қоғамның барлық салаларындағы өзгерістерге байланысты. Көптеген лингвистер англицизмдердің феноменальды кеңеюі келесі салаларда байқалады деп айтады:

- билік және саясат;
- экономика және бизнес;
- ғылым мен технология;
- спорт.

Ағылшын тілінің ең үлкен әсері жарнамаларда байқалады. Жыл сайын көбірек фирмалар, тауарлар мен дүкендер шетелдік сөздермен аталады. Одан бөлек барлық дерлік халықаралық конференциялар, спорттық жарыстар, танымал шоулар ағылшын тілінде өтеді. Барлық ғылыми басылымдардың көпшілігі ағылшын тілінде. Тілді біле отырып, ағылшын тіліндегі газеттер мен журналдар болсын, The Times, The Economist немесе BBC, CNN арналары болсын, кез келген ақпаратқа оңай қол жеткізе аламыз.

Қазіргі әлемде ағылшын тілінің рөлі айқын. Бұл - халықаралық деңгейдегі ең маңызды коммуникациялық құрал. Белгілі бір тілдік білімі жоқ заманауи адам өркениеттің соңғы игілігін пайдалана алмайды. Біздің өміріміздің барлық салалары қандай да бір түрде ағылшын тілін білуді талап етеді. Ағылшын тілін үйрену жылдан жылға танымал болып келеді. Кез келген заманауи адам оны кем дегенде бастапқы деңгейде иеленуі керек.

Бүгінде ағылшын тілі мектепке дейінгі жастан бастап оқытыла бастайды. Барлық дерлік ата-аналар шет тілін білу өте маңызды екенін түсінеді, сондықтан олар бұл жолда баласымен бірге аянбай еңбек етуде. Мектеп оқушысын немесе мектеп жасына дейінгі баланы оқыту үшін олар тәрбиеші жалдайды немесе арнайы курстарға жібереді. Ағылшын тілі біздің өмірімізде маңызды рөл атқарады. Оның білімі барлық жастағы адамдарға қажет. Ағылшын тілі өмірдің барлық салаларымен байланысты. Беделді, нәтижелі білім алғысы келетіндер немесе жақсы жалақы алатын жұмыс тапқысы келетіндер ағылшын тілінсіз оған қол жеткізе алмайды.

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған барлық артықшылықтар ағылшын тілінің меңгеру қажеттелігін көрсетеді. «Бір тіл білген – бір адам, екі тіл білген – екі адам» деген халық даналығы да бар. Шетел тілін білу ғана сол елдің мәдениетін толық түсінуге, сол елдің азаматы секілді сияқты ойлауға, сезінуге мүмкіндік береді. Бір ауыз сөзбен айтар болсақ, ағылшын тілін білу – үлкен мүмкіндіктер кілті.

Алматы қаласы, Медеу ауданы
№77 жалпы білім беретін мектеп
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші
Лекерова Данагүл Ержұмақызы

5-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ЛЕКСИКАЛЫҚ-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУММЕН ЖҰМЫС

Білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін басшылыққа алып жасалған оқытуды саралау және **даралау** үдерісін, білім беру үдерісін ұйымдастыру әрқашан өзекті.

Ұсынылған бағдарламаның мақсаты - 5-сынып білім алушыларының танымдық қызығушылықтарын жеке бейімі мен таңдауына сәйкес қанағаттандыруларына мүмкіндік беру, сонымен қатар «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білімдерінің кеңейтілуі мен тереңдетілуіне ықпал ету. Оқу бағдарламасында көрсетілгендей 5-сынып аптасына 5 сағаттан, ал әр лексикалық тақырыпқа 12 сағаттан бөлінген. Ол 2,5 аптада оқытылады. Бағдарлама әр аптада 1 сағаттан оқытылуға арналған. 1-ші аптасында лексиканы белсендіру және жаңа ақпарат табу (синоним, антоним, омоним). 2-ші аптасында сөйлемдер жазу. 3-ші аптасында белсенген лексикамен, берілген көркем шығармамен жұмыс жоспарланған. әдеби

шығарма мәтініндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау. Бұл байланыс сол тақырыпта қарастырылатын мәселеге, деректерге әртүрлі қырынан келуге мүмкіндік береді. Бағдарлама оқулықпен қосымша, терең жан-жақты жұмысқа негізделіп, дағды қалыптастуруға арналған. Орта мерзімді жоспарда 5-сынып бойынша берілген лексикалық тақырыптарға байланысты сөздік қорды меңгеруге, тың ақпараттармен танысуға, танымын кеңейтуге бағытталған. Сөздік қорлары мен тілдік сауаттылығын дамыту көзделген.

Бағдарламаны меңгерту міндеттері:

- «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері кіріктіріп оқытылатынын түсіндіру;

-берілген лексикалық тақырыптар мен тақырыптарға сәйкес оқу мақсаттарын толық қамту;

-негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ тілі және әдебиеті» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының 2-қосымшасындағы лексикалық-грамматикалық минимумда әр бөлім бойынша берілген лексикалық минимумді (актив) толық белсендіру;

-сөздерді синоним, антоним, омонимдерімен қосымша ақпараттардан табу арқылы толықтыру.

-әдеби шығармадан алынған көркем, бейнелі сөздерді жаздырту;

- әдеби шығармадағы жаңа сөздерден сөздік құрастыруға дағыдыландыру;

- әдеби шығарма мәтініндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтауға бағыттау;

- сыныппен өзара әрекеттестік стильдерін өзгертіп отыруға машықтандыру;

- білім алушыларды жеке, жұптық, топтық немесе барлық сыныпты қамтитын жұмыс түрлеріне дағдыландыру.

Бағдарламаның өзектілігіне тоқталатын болсам, негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» деңгейлерін (В1, В2) негізге ала отырып, айқындалған.

Сонымен қатар, шет тілін игеру деңгейін бағалаудың жалпыеуропалық жүйесі бойынша В1, В2 деңгейлеріне жету үшін білім алушылар осы Үлгілік оқу бағдарламасының қосымшасына сәйкес оқу басылымдарында көрсетілген лексикалық-грамматикалық минимумды (ЛГМ) игереді делінген. Мысалы, 5-сынып бойынша 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. 5-сыныпта қазақ тілін меңгерудің лексикалық деңгейі (Т2)

1.	Сынып				5
2.	Қазақ тілін меңгерудің деңгейлері				В1
3.	Бір сабақта меңгерілетін сөз саны				3
4.	Т2 меңгерудің лексикалық деңгейі	Бір аптада			10
		Оқу жылында			318
		Актив сөздер	Тоқсан бойынша	1	80
				2	80
				3	90
				4	80
		Норма	min		318
					330

Өйткені, шетел (АҚШ, Германия, Франция) әдістемесінде тіл оқытуда креативті ойлауды дамытудың келесі әдістері кеңінен тараған: *креативті жазылым; креативті оқылым; креативті тыңдалым; креативті сөйлесім* екенін білеміз.

Жоғарыда айтылғандай креативті ойлауды дамытудағы оқыту әдістері белгілі дидактикалық жүйе түрінде көрсетіліп, бұған сәйкес оқу мақсаты – жүйе құрушы фактор ретінде алынатындықтан, бағдарламада 25 оқу мақсаты қамтылған. Оның *креативті жазылымға* 4 оқу мақсаты қарастырылған және ол осы бағдарлама ішінде 13 рет қайталанған. *Креативті оқылымға* 4 оқу мақсаты қарастырылған және ол осы бағдарлама ішінде 9 рет қайталанған. *Креативті тыңдалымға* 5 оқу мақсаты қарастырылған және ол осы бағдарлама ішінде 17 рет қайталанған. *Креативті сөйлесімге* 4 оқу мақсаты қарастырылған және ол осы бағдарлама ішінде 15 рет қайталанған. Ал қалған 8 оқу мақсаты тілдік бағдарға арналған, 11 рет қайталанған.

Мысалы, жазылым сөйлеу әрекетінің *өнімді түрі* болып есептелетіндіктен, бағдарламада креативті жазылым қарастырылған. *Креативті жазылымның* негізгі мақсаты жазылым әрекеті кезінде оқушының осы жазылым әрекетінен қуаныш пен көтеріңкі көңіл-күйде болуы болып табылады. Өнімді креативті жазылым бағдарламаның алғашқы сабағында-ақ қолданыла беру жоспарланған (визуалды тірек, мысалы: суреттер, фотолар, тұрмыс заттары, аудио тіректер: аудиомәтіндер, әндер,

аспапты музыкалық шығармалар, жазбаша тіректер: өлеңдер, әңгімелер, цитаталар, мақал-мәтелдер). Оқушылардың "Мәңгілік Ел " Қазақстан халқының жалпы ұлттық идеясының жүзеге асуын қамтамасыз ету мақсатындағы құндылықтар: қазақстандық патриотизм мен азаматтық танымын қалыптастыру, топта бірлесе жұмыс жасауға дағдылану.

«Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астанасы», «Қоғамымыздағы ұлттық бірлік», «Бейбітшілік пен келісім», «Зайырлы қоғам және жоғары руханият», «Индустрияландыру мен иновацияларға негізделген экономикалық өнім», «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы», «Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі», «Бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы» атты жеті құндылықты курсты оқыту барысында негізге алу.

Қорытындылай келгенде, күтілетін нәтиже, әр оқушы 5-сыныпқа арналған лексикалық-грамматикалық минимумдегі 324 сөзді белсендіріп, олардың синоним, антоним, омонимдерімен танысады. Жаңартылған бағдарлама бойынша жоспарланған 13 көркем шығармадағы көркемдегіш құралдарды жазба жұмыстарында қолданады. Шығармалар негізінде жаңа сөздік құрастырады, 130 сөз белсендіреді. Сөздіктермен 454 сөйлем жазып, 13 лексикалық тақырып бойынша 975 сөзден тұратын 13 мәтін жазады. Функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделген дағдыларды қалыптастыруға 25 оқу мақсаты қарастырылған және олар қайталанып 65 оқу мақсаты бойынша дағды қалыптастырылады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1.(https://www.nao.kz /Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету/ Оқу бағдарламалары./Негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары «Казахский язык» для школ с русским/ узбекским/ уйгурским/ таджикским языком обучени)
